

АІ'ҚҰҰН

WWW.AIKYN.KZ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



16.02.2018

АҚОРДА

ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУҒА КҮШ САЛЫНАДЫ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Көрім Мәсімовті қабылдады.

Мемлекет басшысына Комитеттің қазіргі қызметі мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде мәлімделді.

Орталық Азия елдерінің сыртқы істер министрлері мен мемлекет басшыларының алдағы кездесулері қарсаңында Нұрсұлтан Назарбаев өңірлік қауіпсіздікті нығайту және діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізу ісінде шетелдік әріптестермен өзара ықпалдастық орнатудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу соңында Елбасы бірқатар нақты тапсырма берді.

АЛМАТЫ ТӨРІНДЕ ӨТКЕН УНИВЕРСИАДА

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында тәуелсіз Қазақстанның 33 басты нәтижесінің 31-тармақшасы былтыр ғана қазақ елінде тұңғыш рет алауы тұтанған XXVIII қысқы Универсиадаға еске салады. Халықаралық университеттік спорт федерациясының (FISU) ұйымдастыруымен студенттер арасында өтетін халықаралық жарыста әлемнің 57 елінен келген 2 мыңға жуық спортшы бақ сынады. Ол бір күнге созылған байрақты бәсекеде саңлақтарымыз жоғары нәтиже көрсетті.

4»

U'S' ANYQ

GERMANI'ADA QAZAQ DASTARHANY JAI'YLADY

Алматының бренді Germani'ada 7-11 nay'ryz aralyg'ynada o'tefin halyqaralyq ty'ri'stik ITB Berlin - 2018 ko'rmesinde tanystyrylady.

Алматы ty'raly stend Qazaqstan pavi'lonynyn' 1/3 bo'ligin almaq. Kely's'iler qazaq elinin' salt-da'stu'ri boi'y'ns'a ki'iz u'i' quryp, qara jorg'a bi'lep, sonдай-aq sazsynmai'da oi'nap, qurt a'zirley'di u'i'renetin bolady. Sonymen qatar s'arag'a Qazaqstannyn' iri ty'ri'stik operatortarynyn' o'kilderi qatysady. Bul s'arag'a qatysy' arqyly Almaty qalasy'nyn' ty'ri'stik a'ley'etin arttyry' ko'zdelip otyr. Ko'rmege etnoma'deni' muralar qoi'ylyp, ko'mei'men ai'tylatyn a'n, qazaq ku'i'i's'aryqta, ulttyq as ma'ziri, ka'desy'i'lar usynylady.

KO'KS'EDE MOBI'LDI KITAPHANA BAR

Ko'ks'etay'dag'y Mag'jan Jumabaev atyndag'y Aqmola oblysynyn' g'ylymi' a'mbebap kitaphanasynada «Mobi'ldi kitaphana» jobasynyn' tusay'keseri o'tti.

Kitaphana mamandarynyn' so'zins'e, oqyrmandar smartfon nemese plans'ettin' ko'megimen QR-kod arqyly «Mobi'ldi kitaphana» qosym'synada usynylg'an 110 a'debi' kitapy'n' kez kelgenin lezde tay'yp, oqi' nemese ju'ktei' alady. Mobi'ldi oqyrmandar baspadan jaryq ko'rgen da'stu'rlii kitaptardan alystamai'dy. Kerisins'e, oblystyq kitaphana usynyp otyrg'an elektronny gadjetter arqyly «Mobi'ldi kitaphana» so'relerindegi qazirgi zamang'y ja'ne klassi'kalyq 100-den astam s'yg'armany qazaq, orys ja'ne ag'yly'syn tilderinde oqi' alady.

JAS SY'RETS'ILERDEN ELORDAG'A SY'LYQ

«Ry'hani' jan'g'yry'» bag'darlamasy ai'asynada Astana l'y'NESKO kly'bynyn' balalar ko'rkem sy'ret mektebi «Uly dala boi'ay'lary» atly quttyqtay' qag'azdary j'i'nytyg'ynyn' jobasyn usnydy.

Quttyqtay' qag'azdary bati'k, s'i', akvarel men akri'l keskindeme, pastel ja'ne grafi'ka tehni'kalarynda oryndalg'an. Ko'rkem sy'ret mektebinin' di'rektory Gu'lzi'a Esenovany'n' ai'ty'yn's'a, oqy'sylar s'yg'armas'ylyg'ynan olardyn' armandary men qi'aldaryn, el tari'hy men onyn' etnoma'deni' qundilyqtaryna degen qyzyg'y's'ylyqtaryn ko'ry'ge bolady. Aqpan ai'ynyn' son'yna qarai' 1 000 dana quttyqtay' qag'azyn s'yg'ary' josparylanyl otyr.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУҒА МӘН БЕРІЛЕДІ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесу барысында Қайрат Әбдірахманов Мемлекет басшысына Сыртқы істер министрлігінің қазіргі қызметі, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған жоспарлары жөнінде мәлімделді.

Елбасы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі мен Каспий маңы мемлекеттері басшыларының саммитіне дайындық барысындағы ұйымдастырушылық және мазмұндық мәселелерге баса назар аударды.

Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалар тұрғысынан алғанда, сыртқы саясат ведомствосы экономикамыздың басты салаларына шетелдік инвестиция тарту үдерісінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

Қазақстан Президенті кездесу соңында бірқатар нақты тапсырма берді.



МӘСЕЛЕ

Тәуелсіздік алғалы бері атын дабырайтып, толқын-толқын өткізіп жатқан жекешелендіру деген игі дәстүр бар. Бизнесмендер мемлекетке «қалыңмалын» төлеп, белгілі бір нысанды өз меншігіне қабылдап, жауапкершілігін мойнына алады. Тура үйлену секілді. Бұл – мемлекеттің көмектесуге мұршасы келмей, не жеке адамнан қайыр болмай азып-тозып тұрған мекемелер мен кәсіпорындардың қайта жаңдануы үшін керек. Әнеуғүні Үкімет басшысы ренжіген – «жекешелендіруден түскен ақша қайда кетіп жатыр?» деп. Енді жақында ғана бір депутат тіпті түңілген дейді – дардай кәсіпорындарды тиын-тебеге сатып не ұтамыз деп. Бір шикілік бары байқалады. Не қазанның астына отты қатты жағып күйдіріп алғанбыз, не отын жетпей бабы келіспей тұр.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖЕЛГЕ ҰШТЫ МА?

Абай АЙМАҒАМБЕТ

Сонау қаңтарда өткізілген Үкімет отырысында осы тақырып көтерілген кезде, мұрнына қонақтай беретін көзілдірігін түзеп қойып Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов баяндама жасаған. Айтуынша, кешенді жоспарға 904 нысан кірген. Оның 876-сы туралы толық ақпарат арнайы сайтқа жарияланған (gosgest.kz). Екі жылда 476 кәсіпорын нарыққа шығарылып, 367-сі сатылған. Нәтижесінде, 164 млрд тенге ақша түсіпті. Қарап отырсаңыз, цифрлар төмен қарай құлдырай берді. Тәртіп бойынша жекешелендіруден түскен қаражат ешкімге мойын бұрмастан Ұлттық қорға қарай тартып отыруы тиіс еді. Алайда жетпей қалыпты. Мұны министрдің өзі мойындаған. Оның үстіне Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің «тағы 168 кәсіпорын қатарға қосылды» деп айтып, Премьер-министрдің қытығына тигені де күні кеше болғандай көз алдымызда. Бақытжан Сағынтаев айтқандай «кәсіпорындарды бір қолымызбен қысқартып, бір қолымызбен көбейтіп отыратын болсақ» оның пайдасы не?



Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыровтың ойынша, мемлекеттік мекемелер қазіргі қарқынмен сатыла берсе, Үкімет шығынға батып қалуы мүмкін. Бұл сөзіне аргумент ретінде, Қоңыров – мемлекеттің экономикаға араласа беруін келтіреді.

Жекешелендірудің тиімділігі сезіліп жатқан жоқ. Төрт жыл ішінде 600-ден астам нысан сатылып, бюджетке 256

миллиард тенге түскен. Бірақ бұл – 4 жылдық бюджеттің бір пайызы ғана. Жаппай жекешелендіру жүрді екен деп қор нарығы да дамып кетіп жатқан жоқ. Осы күнге дейін ұлттық холдингтерге тиесілі 114 мекеме саудаланып, оның 29-ы ғана аукцион арқылы жоғары бағаға өткен. Қалғаны – тиын-тебен, – дейді Мәжіліс депутаты.

Депутаттың сөзінше, мекемелердің түсініксіз жолмен сатылуы себепті, Үкімет те «өз өнімінің» қызығын көре алмай отыр. Коммуналдық мекемелерді иеленіп алған жеке адамдар, тарифтерді қымбаттатып жіберуі де мүмкін.

– Сатылған нысандардың 54 пайызы – коммуналдық меншіктер. Көбісі әлеуметтік бағытта және олардың сатылуы жеке сектордың экономикалық мүмкіндігін кеңейтпейді. Сатылып жатқан тағы бір маңызды нысандар – мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың сервистік ұйымдары. Бірден-бір тасымалдаушы мекеме болғандықтан да, олардың сатылғаны бәсекеңі артуына ықпал ете қоймайды. Екінші жекешелендіру толқыны кезінде бағдарламадан 321 нысан алынып тасталған, – деді депутат.

Экономист Жарас Ахметовтың айтуынша, қазір жекешелендіру үшін аса ыңғайлы уақыт емес екен.

– Осы кезенді жекешелендіру үшін нарық тұрғысынан аса қолайлы уақыт деп айтуға келмейді. Себебі, ірі компаниялардың бағасы да өте жоғары болатыны белгілі. Ал бізде дәл қазір қаржы секторы жайбарақат күйде емес, валюта мың құбылып тұр. Болжалды сектор екі бөлім-

нен тұрады. Біріншісі – бюджеттің қалтасының қалыңдауы. Мысалы, «Казмұнайгаз» акциясының 25 пайызы сатылса, онда «Самұрық-Қазына» қаржыландыруға кететін бюджет шығыны азаяды. Не болмаса бірден тіке бюджетке барып түсуі мүмкін. Мұны енді Үкімет шешеді. Екіншісі – инвестицияның тартылуы. Жекешелендіру процесінің арқасында жана акционерлер келеді және олар аталған компанияларда корпоративті басқаруды күшейтуі мүмкін. Міне, жекешелендіру үдерісінен біз осындай екі пайда көруге тиіспіз. Иә, қазір не өзіне, не басқаға пайдасы жоқ мекемелер, кәсіпорындар жекеңің қолына өтсе, әлдеқайда аяққа тұрып, нығайып, түлене бастауы мүмкін ғой. Осы тұрғыдан алғанда жекешелендіру өте маңызды. Бірақ жариялы түрде қалай сатылып жатыр, кімдер алып жатыр, сатып алғаннан кейін лайықты түрде инвестиция салып жатыр ма деген сурақтарға жауап таба алмадым әлі күнге. Бір білетінім – біздегі футбол клубтарының сатылмай жатқаны. Оларды сатып алып қаржыландыруға, бүкіл ауыр жүгін көтеруге ешкім құлықты емес, – дейді экономист.

(Жалғасы 2-бетте)

САІ'АСАТ

СЕНАТ



ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР КҮНІ

Сенаттың кезекті отырысы өрешке болды. Онда депутаттардың үштен бірі сауалдарын жария етті. Қоғам өміріндегі маңызды мәселелер қамтылған 17 депутаттық сауал Премьер-министрге, бас прокурорға және Ұлттық банк төрағасына арнады.

Сенатор Сәуле Айтпаева көмелетке толмағандардың қауіпсіздігіне аландаушылық білдірсе, Бірғаным Әйтимова құлағы ауыр балалардың білімге қол жеткізудің қамтамасыз ету туралы айтты. Динар Нөкетаева ұстаздар мәртебесін көтеруді ұсынды. Мұрат Бақтиярұлы зерделі жас ұрпақты елімізде қалдыру үшін жағдай жасауға назар аударды. Нариман Төреғалиев елді мекендерді, ауылдық жерлерді кең жолақты интернетпен қамтамасыз етудің ерекшеліктерін көтерді.

Дархан Көлетбаевтың депутаттық сауалы қоршаған орта мен табиғи ресурстарға мониторинг жүргізуіне Бірінші мемлекеттік жүйесінің қызмет етуі, сондай-ақ бірінші электрондық тұғырнамасын құру туралы, Рашид Әкімовтің сауалы елді мекендердегі ауаның ластануы жөніндегі өзекті мәселелерді зерттеу үшін мекемелік комиссия құруға бағытталды. Ғұмар Дүйсебаевтың сауалы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету туралы болды. Әли Бектаев «Қазақстан Республикасындағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» арнайы бағдарламасын қабылдау мәселесін көтерді. Төлеубек Мұқашевтің сауалы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға қатысты болды.

Серік Жаксыбеков өз сауалында «Шымкент - Ташкент» автомобиль жолының бойында орналасқан «Жібек жолы» телефон стансасының сатылуына бас прокурордың назарын аударды. Сәрсенбай Еңсегенов мал ұрлығына жауапкершілікті қатайтуды қажет деп санайды. Сенатор Дулат Құсәуеловтің сауалы криптовалютаны заңнамалық тұрғыда реттеуге бағытталды.

Дәурен Әділбеков төрт деңгейлі бюджеттің атқарылуына, мемлекеттік-жекеменшік туралы заңды іске асыру және Целиноград және Бұрабай аудандық ішкі істер бөлімдерінің басқарма болып құрылуы барысында туындаған мәселелерге аландаушылық білдірді. Әлімжан Құртаев Оңтүстік Қазақстан облысындағы білім беру саласына республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлу мәселелерін көтерді.

Сондай-ақ сенаторлар қатары толықты. Палата отырыс барысында Сенат депутаты Мұхтар Құл-Мұхаммедті Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі етіп сайлады.

Сенаторлар Қазақстан Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Солтүстік және Орталық Азия үшін Субөңірлік

бөлімшеге арналған әкімшілік және қаржылық рәсімдерге қатысты келісімді ратификациялады. Келісім Алматы қаласында 2013 жылғы қарашада ресми түрде ашылған Солтүстік және Орталық Азияға арналған Субөңірлік бөлімшенің жұмысын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Бұл құжат транзиттік сауда, су және энергетика салаларындағы біріккен жобалар бойынша Қазақстанның БҰҰ-мен Азия мен Тынық мұхит аймағына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясымен ықпалдастығын нығайта түседі, сондай-ақ Қазақстан тарапына бөлімшенің жұмысына және кейбір бағдарламаларды іске асыруға бөлінетін ерікті жарна бойынша бөлімшеден жыл сайын есеп алуға мүмкіндік береді.

Отырыста 1996 жылғы 16 қыркүйектегі Қазақстан және Әзірбайжан үкіметтері арасындағы табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеудің жалғаруа жол бермеу туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы үкіметаралық хаттама ратификацияланды. Құжат енді Елбасының қол қоюына жолданады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Конвенция қолданылатын Қазақстан және Әзірбайжан салықтарының атаулары нақтыланды. Жана мәтінде уағдаласушы мемлекеттерде резиденттікті айқындауды және тұрақты мекеме құру тәртібін реттейтін баптардың ережелері нақтыланды. Салық қызметтерінің арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және БҰДҰ-ның модельдік конвенциясына сәйкес келтіру мақсатында «Қосарланған салық салуды жою» және «Ақпарат алмасу» деген баптарға түзетулер енгізілді. «Женілдіктерді шектеу» деген жаңа бап қозғалды, ол салықтық жалғарулар және Конвенцияның ережелерін теріс пайдалануға анықталған кезде ішкі заңнаманы қолдануға мүмкіндік береді.

Сенаторлар Қазақстан мен Вьетнам елдері арасындағы ұстап беру туралы шартты да ратификациялады. 2017 жылғы 15 маусымда Ханойда жасалған бұл шарт әрбір уағдаласушы мемлекеттің өз аумағында болатын, ұстап беруге алып келетін қылмыстар үшін қылмыстық қудалау немесе сұрау салушы тараптың аумағында соттың үкімін орындау мақсатында іздестіріліп жатқан адамды ұстап беруіне бағытталған. Құжат ұстап беру және ұстап беруден бас тарту үшін негіздерін реттейді.

МӘСЕЛЕ

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖЕЛГЕ ҰШТЫ МА?

(Басы 1-бетте)

Быттыр маусым айында Астанада экономикалық форум өтіп, «Самұрық – Қазына» қорын жекешелендіру бағдарламасы және оның ел экономикасындағы рөлі атты сессиясы ұйымдастырылған. Сол кезде Халықаралық қаржы корпорациясының Орталық Азия бойынша өңірлік менеджері Моаззам Мекан сөз сөйлеп еді. Ұшақтан түсе сала Қазақстанды мақтай жөнелетін басқа сарапшылар сияқты емес, кесімді сөз, салалы сын айтып салған. Сіздер бұл процессті кеш бастап отырсыздар деген сонда Моаззам Мекан.

— Қазақстан мен Ресей осыдан бұрын жүргізілген жекешелендіруден сабақ алмаған сияқты. Мұның астарына терең үніліп, байыптап жүргізу керек. Себебі, көптеген азаматтарға әсер етеді. Жекешелендірей тұрып, ол еңбек ресурстарына, тұтынушыларға, үкіметке және меншік иелеріне қалай әсер етеді, бәрін мұқият ескеру керек. Кей мемлекеттер жекешелендіру бағдарламасын бастап жіберіп, сосын оны игере алмай, тоқтатып қояды. Осыдан сақ болыңыздар, — деген менеджер.

— Жекешелендіру негізінен жаппай коммуналдық меншік бойынша жүргізілді. Мемлекет есебінде тұрған асхана, комбинат, тамақтану орталықтары, сауда үйлері, тағы да басқа нысандарды жекешелендіру

біршама табысты жүргізілді. Ірі ұлттық компанияларға келетін болсақ, олар көбінесе аса үлкен емес пакеттерін сатылымға шығарып жатыр. Мәселен, «Самұрық – Қазына» өз тарапынан «Транс-телеком», «Тұлпар – Тальго» акционерлік қоғамы және Qazaq air әуекомпаниясы, әуежайы, Ақтаудағы теңіз сауда порты сияқты нысандар сатылымға шығарылған. Бірақ бұл процесс қаншалықты пайдалы нәтиже алып келерін дөп басып айта алмаймыз, — дейді экономист маман.

«Самұрық – Қазына» туралы сөз қозғалып қалған соң айта кетелік, еліміздегі жекешелендірудің екінші толқыны аясында «Самұрық – Қазына» мемлекеттік активтердің бас операторы ретінде бұл процеске белсенді түрде қатысады. Олар 2020 жылға дейін барлығы — 216 активті сатуға шығармақ. Енді осы жекешелендіру қорға не береді? Иә, компания жұмысын басқару ыңғайлы болады, тиімділігі арта түседі. Оның дамуы үшін технологиялар әкелуі керек. Шағын және орта бизнес дамиды. Ең бастысы, кәсіпорындар мемлекетке қарап аузын ашпайды, өз күнін өзі көреді. Бұрқыратып пайда табады. Бұл енді қағаз жүзінде таңбалы бейнеленген, көркем сөздер. Шындыққа ұласса — бөркімізді аспанға атып, оны қайтып қағып алмауға да бейілміз.

МӘЖІЛІС

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕЛШІСІМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Майка Гиффордты қабылдады. Бұл — тараптардың алғашқы кездесуі.

Мәжіліс басшысы атап өткендей, Ұлыбританиямен жан-жақты және өзара тиімді қатынастарды нығайту — Қазақстанның сыртқы саясатындағы ең маңызды бағыттардың бірі. Өткен жылы екі ел арасында дипломатиялық байланыстың орнағанына 25 жыл толды. Осы уақыт ішінде сенімді саяси диалог орнап, екі-жақты қарым-қатынас стратегиялық әріптестік деңгейіне жетті.

Нұрлан Зайроллауды Ұлыбритания тарапына Қазақстанның маңызды бастамаларына көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдіріп, халықаралық деңгейдегі өзекті мәселелерге назар аударды. Біздің еліміз бұл мемлекетпен түрлі халықаралық құрылымдар, соның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі аясында бірлескен жұмыстар арқылы екіжақты және қолжақты өзара іс-қимылы нығайтуға ынталы.

Өз кезегінде елші еліміздің Орталық Азияда алғашқы болып, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне мүше болғанын атап өте келе, Қазақстан Президентінің төрағалығымен

өткен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі отырысының маңыздылығына тоқталды.

Тараптар өзара ынтымақтастықты одан ары нығайтуда әсіресе, экономика, білім, инновациялық технология салаларына айрықша көңіл бөлді. Бұл ретте Н.Нығматулин Елбасы Жолдауында айтылған 10 міндетке тоқталып, технология және цифрландыру салаларында әріптестікті дамытудың маңызы зор екенін айтты. Спикердің айтуынша, цифрлы экономиканы күшейту, цифрлы қызметтерді ұсыну, инновациялық орталықтарды заңнамалық қамтамасыз ету бағытында британдық әріптестердің тәжірибесі біз үшін қызығушылық тудырады.

Парламентаралық байланыс мәселесіне тоқталған Н.Нығматулин қазақстандық парламентшілердің британдық әріптестерімен ынтымақтастық жөніндегі топтар мен бейінді комитеттер арқылы өзара іссапарлар жасап, тәжірибе алмасуға, заң шығару ісінде әріптестікті күшейтуге ынталы екенін жеткізді.

ОТЫРЫС

ҚАУІПСІЗДІК РЕЙТИНГТЕН ҚҰНДЫРАҚ

Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен Мәжілістің жалпы отырысында еліміздегі кәсіпкерлік қызметті реттеуге қатысты жаңа заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Құжатты талқылау барысында палата төрағасы басы артық бақылау функцияларын қысқартуды және бизнесті жауапкершілігін арттыруды жақтап, сөйледі.

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің түсіндіруінше, «Кейбір занамаалық актілерге кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мемлекеттік бақылау-қадағалау қызметін реформалауға бағытталған. Осыған сәйкес, «Мемлекеттік органдардың қолында бар 544 бақылау функциясының мемлекет және тұтынушы қауіпсіздігіне қатер төндіруі тәуекелдерімен байланысты емес 137-сі алып тасталады».

Дегенмен олардың кейбірін, мәселен, азаматтардың қауіпсіздігімен байланысты қызметтерді бақылауға қатысты функциялардың жойылуының орындылығына депутаттар күмән келтірді. Парламентшілердің пайымдауынша, бұл жерде заң жобасын әзірлеушілердің Doing Business секілді әртүрлі рейтингтердегі Қазақ-

станның орнын жақсарту түсу үшін бизнесті қайта реттеуге бағытталған бұл ұсынысы жөнсіз әрі өзін-өзі ақтамайды.

— Бүгінде бақылау функцияларын арттыру тәжірибесіне кері қайту туралы мәселе қойылып отырған жоқ. Бірақ қазір қолданыста бар әрі азаматтарымыздың тіршілігін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет функцияларды қысқарту жайы тағы да мұқият талданғаны жөн. Өйткені егер мемлекет пен азаматтарымыздың қауіпсіздігіне нұқсан келсе, қандай да бір рейтингтердегі ешқандай орындар қажет болмай қалады, — деп нықтады Нұрлан Нығматулин.

Бірінші кезекте, бұл аландаушылық энергетика, мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі, су шаруашылығы салаларының объектілеріне қатысты болып отыр.

— Осы заң жобасы арқылы қолданыстағы Су кодексіне енгізу ұсынылатын, суды есепке алу және су объектілеріне мониторинг жүргізуді алып тастауды қарастыратын түзету, шынын айта келгенде, көптеген сұрақтар тудырады. Егер түзету осы қалыпта қабылданатын болса, онда тұтас проблемалар тізбегі туындауы мүмкін. Мысалы, Қазгидромет суды пайдалану туралы толық ақпарат ала алмайды. Тиісінше, төтенше жағдайдың болжамы да дәл әрі нақты болмайды, — деді Мәжіліс төрағасы.

САПАР

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Түркия республикасына барды. Сапар аясында Мемлекеттік хатшы Түркия премьер-министрінің орынбасары Хакан Чавушоглуның шақыруымен Анкарадағы Қазақстан мен Түркияның іскер өйелдері бизнес-форумына қатысты.

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Оған сондай-ақ «Атамекен» ҰКП, Түркия сауда палатасы және тауар биржалары одағының, Мемлекеттік органдардың, өйелдер кәсіпкерлік қоғамдастығының өкілдері шақырылды. Мұндағы басты мақсат — бауырлас екі елдің кәсіпкер өйелдері арасындағы ынтымақтастықты арттыру.

Гүлшара Әбдіқалықова құттықтау сөзінде Ел Президенті Н.Назарбаев 25 жылдан астам уақыттан бері тиімді ынтымақтастық орнатып келе жатқан бауырлас мемлекеттер арасындағы екіжақты қарым-қатынастың дамуына ерекше мән беретіндігін атап өтті.

КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕР ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТАДЫ

идеясының іске асуы және барша қазақстандықтардың өнебегінің жемісі.

Мемлекеттік хатшы Мемлекет басшысының табысты навигацияға және Индустрия 4.0 — жаңа әлемге бейімделуге бағытталған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауына назар аударды. Осы орайда, кәсіпорындарды цифрландыруға бағытталған жаңа әдістер сияқтан откізіледі. Бұл ретте өйелдердің кәсіпкерлік қоғамдастығына маңызды орын бөлінбек.

ҮКІМЕТ



«КӨК ЭКОНОМИКА» АВТОРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев инновацияларды дамыту саласындағы халықаралық сарапшы Гюнтер Паулимен кездесу өткізді. Оның барысында жаһандық технологиялық өзіндік пайдалану, отандық және шетелдік кәсіпорындардың инновациялық бизнес жобаларға қызығушылығын тудыру арқылы Қазақстанның индустриялық дамуы мәселелері талқыланды.

Гюнтер Паули — «Көк экономика: 10 жыл, 100 инновация, 100 миллион жұмыс орны» (The Blue Economy: 10 years, 100 innovations, 100 million jobs) кітабының авторы. Онда ол табиғи үдерістерге еліктей отырып, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық пайдасы бар жаңа табысты бизнес үлгілерді жасауға болатынын көрсетеді. Ол қазба ресурстарын пайдаланудан әлдеқайда қарапайым және экологиялық технологияларды қолдануға баса назар аударатын, қарапайым индустриялық үдерістерге балама ұсынады.

Бұл ретте біз үшін көзі отықты, құлақ үйреністі болған «жасыл экономикадан» айырмашылығы сол, «көк экономика» «кез келген ресурсты, егер өндіріске қажет болса, басқасымен алмастыруға болмайды», «табиғатта қалдық болмайды», «кез келген жаңама өнім — жаңа өнім үшін көз» деген негізгі қағидаларды ұстанатын етеді.

Осы күні Үкімет басшысының төрағалығымен Kаzаkһ Invest ұлттық компаниясы директорлар кеңесінің отырысы өтті. Онда

Каzаkһ Invest АҚ-тың 2018 жылға арналған жұмыс жоспары қаралды, сондай-ақ «Ұлттық инвестициялық стратегия» бағдарламасы аясында инвесторларды тарту бойынша компанияның қызметін жетілдіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының АҚШ, БАӘ, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Түркия және басқа елдерге сапарларының қорытындысы бойынша қол жеткізілген келісімдерді іске асыруға басымдық берілді. Осы мақсатта Kаzаkһ Invest компаниясының АҚШ, Қытай, Германия, Франция және Түркия секілді бес басымдықты елде болуы күшейтілді, бұл ретте шетел инвестицияларын тартуда көп-жылдық тәжірибесі және баратын елдердегі бизнес қауымдастықтармен тығыз байланыстары бар атакты бизнесмендер жұмысқа тартылған көрінді.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес, Kаzаkһ Invest бұыл Қазақстан Үкіметі атынан ірі инвесторлармен және мақсатты транспорттық компаниялармен бірге келіссөз жүргізуші ретінде әрекет етуге тиіс.

сы қолданыстағы 13 кодекс пен 100 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізбек.

Сондай-ақ бүгінгі отырыста депутаттар Қазақстан мен Беларусь үкіметтері арасындағы «1997 жылғы 11 сәуірдегі Табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдап, Сенатқа жолдады. Келісім профессорларды, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерді 24 айға салық судан босатытын жаңа баппен толықтырылды. Сондай-ақ бірқатар терминдерге өзгерістер енгізілді.

Бүгінгі жалпы отырыста Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулиннің ұсынысымен депутат М.Ерман Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып сайланды. Сонымен бірге, Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен «Нұр Отанның» партиялық тізімі бойынша Дархан Мынбай Мәжіліс депутаты ретінде тіркелді. Дархан Қамзабекулы бұған дейін Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары — Хатшылық менершісі қызметін атқарған.

Палата оны Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі ретінде сайлады. Отырыс соңында Т.Сыздықов депутаттық сауал жолдады.

КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІ СЫНАЛДЫ

«Нұр Отан» партиясының хатшысы Ғабидолла Әбдірахымов Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында партияны жаңғырту бағытында берген тапсырмаларына орай, Қызылорда облыстық партия филиалы қызметкерлерін аттестациялаудан өткізді.



Әбдірахымов жүргізіп, тиісті шешім шығарды.

— Аттестациялаудың негізгі мақсаты — қызметкерлердің кәсіби деңгейін анықтау. Партиялық жаңғырту бағытында жасалып отырған жұмыстар алдымен орталық партия аппараты қызметкерлерінен басталды. Өңірлер бойынша бірінші Қызылордада өтіп отыр. Жалпы, аттестациялау қорытындысы қызылордалық партия қызметкерлерінің деңгейі жоғары екендігін көрсетті, — деді партия хатшысы Ғабидолла Әбдірахымов.

Аттестациялық комиссияның қорытындысы бойынша 41 қызметкердің 37-і өз лауазымдарына сай деп танылды. 2 қызметкер 1 айдан кейін аттестациялаудан қайта өтеді. Лауазымына сай деп танылған қызметкерлердің арасында 1 қызметкер орталық партия аппараты қаржы резервіне, 14 қызметкер жоғары партия мектебінде білімін жетілдіруге жолдама алды.

Тестілеу Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің тестілеу орталығында ұйымдастырылды. Облыстық партия филиалы бойынша аттестациялауға 41 азамат қатысты. Тестілеу екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қызметкерлердің нормативтік құжаттар бойынша білімдері тексерілсе, екінші кезеңде жеке қарым-қабілет деңгейі анықталды. Нәтижесінде, тестілеуге қатысқан 41 қызметкердің 2-і тиісті сынақтан өте алмады.

Одан бөлек 12 ақпан күні барлық 41 қызметкер арнайы тақырыпта эссе жазды. Соңғы сұхбаттасу кезеңін «Нұр Отан» партиясының хатшысы, аттестациялау комиссиясының төрағасы Ғабидолла

Мира ҰЗАК

«Нұр Отан» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде Мәжіліс депутаты Қуаныш Сұлтанов өтінішпен келген азаматтарды қабылдады.

Шымкент қаласының тұрғыны Гүлзінат Қалдыбаева басына дауы және қаражатын алу бойынша нотариустың іс-әрекетіне шағымданды. Депутат аталған мәселеге байланысты әділ шешім шығаруды сұрап, шағымхатты Жоғарғы сот төрағасы Ж.Асанов пен Бас прокуратураға жіберетін болды.

Зейнеп Шөкірғанова қамқорлығына алған төрт баласымен үйінен еш негізсіз шығарып жібергенін айтып, депутатқа көмек көрсетуін сұрай келіпті. Қолында Патронаттық тәрбие келісімі де бар екенін және ол еш өзгертілмегенін айтты. Яғни, келісімге өзгеріс енгізілмей, басынаның дауы бұрып қуқылы екенін жеткізді. Бұл үйде 4 жыл тұрған. Оған арнайы комиссия шешімімен қоныстанған екен. Осыған байланысты Зейнептің шағымды партия атынан Астана қаласы әкімдігіне қарау үшін жолданатын болды.

Алты баласының анасы Үрзада Уайсова басына қол жеткізе алмай жүргеніне қалай екенін айтты, депутаттан осы мәселені шешіп беруге ықпал етуін сұрады. Ол бүгінде басына алу кезегінде 694 орында тұр. Бұл тұрғыда, азаматшаға қолданыстағы заңдар бойынша түсініктеме беріліп, өтініші

БАСПАНАЛЫ БОЛУ МҮМКІНДІГІ МОЛ



ипотекамен үй алу сияқты мүмкіндіктер жолдау үшін қабылданды.

— Қаншама түйін шешіліп жатқанымен, тұрмыс мәселелері, әсіресе үй алуға мұқтаж жандар көп. Қазір «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» сияқты халықтың пайдасына бағытталған түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар. Соның негізінде, мыңдаған адам жаңа пәтерлерге қоныстануда. Алайда адамдар тек мемлекеттік көмекті күтіп отырмай, баспана алудың басқа да жолдарын пайдаланғандары дұрыс. Мәселен, қазір пәтерді жалға алу арқылы сатып алу,

ипотекамен үй алу сияқты мүмкіндіктер бар. Адамдар кейде соны ескере бермейді, «Нұр Отан» партиясынан көмек сұрап жатады. Бірақ партияның пәтер беретін ешқандай қоры жоқ. Дегенмен арыздарды тиісті органдарға жіберіп, әділетті шешім шығаруды талап ету жұмыстарын ұйымдастырып отырады. Барлығы да заң аясында жасалуы тиіс. Себебі, әрбір азамат мұнда әділет іздеп келеді, — дейді депутат Қуаныш Сұлтанов.

Нұрай ПАХЫМ

«Нұр Отан» партиясының Қостанай қалалық филиалы мен «Жас Отан» Жастар қанаты Сырбай Мәуленов атындағы мектеп-гимназияда Астана қаласының 20 жылдығына орай «Астана – Арман қала» атты пікірсайыс ұйымдастырды.

АСТАНАМЫЗ ГҮЛДЕНЕ БЕРСІН!

Жарыста мектеп оқушыларынан құрылған «Бәйтерек», «Хан Шатыр» және «Астана Арена» командалары өз білімдерін көрсетті.

Пікірсайыс көпшілікке үлкен ой салды. Себебі, бақтарын сынаған оқушылар негізінен Астананың спорт кешендері мен мәдени орталықтары жайлы кенінен өңгіме қозғалды.

— Астана — еліміздің бас қаласы. Әрбір елдің намысты перзенті өз отаны, туған жері туралы жан-жақты біліп, оны қадірлеуі білуі керек. Біз — елдің болашақ патриоттарымыз. Алдымыздағы аға буын өкілдері секілді республикамызды өркендетуге лайықты үлесімізді қоса береміз, — дейді қалалық, облыстық пікірсайыстардың жеңімпазы, гимназияның 10-сынып оқушысы Ақмарал Бекенова.

«Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының кеңесшісі Айгөре Тұрсынның айтуына қарағанда, алдағы уақытта да өзгелерге өнеге ретінде осындай басқосулар жалғасалы.

Оразалы ЖАҚСАНОВ, Қостанай облысы

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ - ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

«Денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс». Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауындағы дәл осы тапсырма аясында сайлаудың бағдарламаның «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша комиссияның көзекті отырысы өтті.



Мәжіліс депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Зәуреш Аманжолованың төрағалығымен өткен жиында тұрғындардың денсаулығын жақсарту мақсатында профилактикалық ем-дом жұмыстарына көңіл бөліну керектігі талқыланды. Баяндама жасаған Денсаулық сақтау вице-министрі Алексей Цой: «Еліміздің барлық стратегиялық құжаттарында аурудың алдын алуға бағытталған берілген. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына зор көңіл бөлінеді, себебі бала кезде денген дерт жас ұлғая асқына беруі мүмкін. Әлемде жыл сайын жұқпалы емес аурулардан 36 миллионнан астам адам көз жұмды. Оның 14 миллионы өмірден ерте, яғни 70 жасқа дейін кетіп жатады», — деді.

Оның айтуынша, Қазақстандағы өлім-жітім бойынша бірінші орында — қан-айналым жүйесі аурулары, екінші — тыныс мүшелері аурулары, кәтерілі ісіктің пайда болуы — үшінші және жаракаттанушылық төртінші орында екен. Ерте жастағы өлімнің 80 пайызына жуығы көбіне темекі шегу, дұрыс тамақтанбау, артық қимылдамау және ішімдік қабылдау сияқты төрт негізгі факторлармен байланысты.

Бүгінде МСАК ұйымдары базалары мен Саламатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарында 96 жастарға арналған денсаулық орталығы жұмыс істеп тұр. Олардың қызметі медико-психо-әлеуметтік көмек көрсету, жасөспірімдерді саламатты өмір салтын ұстануға оқыту, сектораралық ынтымақтастық орнатуға бағытталған.

Денсаулық сақтау министрлігі Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығының директоры Жәмилә Баттақова барлық аймақ бойынша «Саламатты өмір салтын насихаттау үшін» бюджеттен 2018 жылға 2 219 619 000 теңге қарастырылып отырғанын жеткізді. Алайда бұл тұрғыда мәселелер де туындап отырғанын атап өтті: «Мемлекет қаржы-ландырмақ, алайда «Саламатты өмір салтын қалыптастыру» бойынша қызметтерді орындау үшін жеткізушілерді конкурстық іріктеу рәсімі кешеуілдеп отыр. Бұл «Ден-

саулық» мемлекеттік бағдарламасының орындалуын тежеуде. Қазір үш облыс қана келісім жасаған, олар — Ақмола, Ақтөбе және Батыс-Қазақстан облыстары», — деді Жәмилә Баттақова.

Денсаулық саласы мамандарының пікірінше, әр адамның денсаулығы 50% өзінің өмір салтының әсеріне тәуелді, ал қалған факторлар бойынша 20% қоршаған ортаға, 20% генетикалық базаға, 10% денсаулық сақтау саласының деңгейіне байланысты екен.

Отырыс барысында салауатты өмір салтын насихаттау мен нақты шараларды іске асыру үшін атқарылатын жұмыстар жұмыстар талқыланды. Бейнеконференциялық байланыс арқылы тыңдалған аймақтардағы Денсаулық сақтау басқармалары басшыларының жұмыстарына баға беріліп, кемшіліктері айтылды және нақты талаптар қойылды.

Нұрай ПАХЫМ

2008 жылы Моңғолияның Баянөлгей аймағынан көшіп келген Тоқтаубай Сетерхан апа бүгінде Астана маңындағы Қоянды ауылында тұрып жатыр. Қазақстан азаматтығын алған соң жат жұртта қалған ұлдарын, қызы мен келіндерін шақырады.

ПАРТИЯ ҚАНДАСЫМЫЗҒА КӨМЕКТЕСТІ

2010 жылы олар да Қазақстанға ат басын тірейді. Алайда келіні Нұржан Болатбек азаматтық ала алмай, біраз жүріп қалады. Қолында ықтиярхаты бар ол Ақмола облысына қарасты Целиноград ауданының көші-қон полициясына талай барған. Бірақ қағазбастылықтан арылмай қойған біздің қоғам бір мекемеден келесі мекемеге сенделіп қойғаннан басқа «жасылық» жасамапты.

Амалы таусылған Сетерхан апа келінінің құжаттарын алып, «Нұр Отан» партиясының Целиноград аудандық филиалына барды. Нәтижесінде, Нұржан Болатбек Қазақстан Республикасының азаматы атанды. Халыққа қызмет көрсету орталығының «жеке куәлігі дайын болды» деген қуанышты хабар күтіп отыр.

— 1930 жылдары елден бас сауғалап кеткен әкем Тоқтаубай Баянөлгейдің Байқалам ауылында есепші болып қызмет етті. Анам үй шаруасында болды. Ата-ана балаларының туған елге қайтып, өсіп-өркендегенін армандап кетті. Бүгінде Қояндыда тұрып жатырмыз. Немерелерім №20 мектепте оқиды, — дейді Сетерхан апа.

Партияға өтініш білдіргеннен кейін, арада аз уақыт өткен соң қуанышты хабарын жеткізіп, партияның аудандық филиалына хабарласқан қандасымыз өз ризашылығын айтып, алғысын білдірді. «Нұр Отан» партиясына үлкен рақмет.

Ж.ӘШІМХАНҰЛЫ

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында «Индустрияландыру жаңа технологияларды өңгізудің көшбасшысына айналуы тиіс» екендігі айтылды.

ЖАҢАЛЫҚ - ЖАҢА ӘДІСТЕ

Бұл мәселе «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалында өткен «Индустриялды даму» бағыты бойынша сараптама комиссиясының отырысында сөз болып, аймақтың индустриялды-инновациялық даму деңгейі туралы мәселелер қаралды.

— Аймақтағы индустриялды даму мәселесін шешудің бірден-бір жолы — облыс аумағындағы таңдаулы жобалар тізімін жасап, оларға инвестиция тарту, — деді Маңғыстау облысы индустриялды-инновациялық даму басқармасының инвестициялық-инновациялық саясат және сыртқы экономикалық қызмет бөлімінің басшысы Тілеген Едігеев.

Отырыста сараптама комиссиясының мүшелері 2018 жылға жоспарланған мәселелерді талқылады. Жоспарды әзірлеу кезінде облыстық индустриялды-инновациялық даму басқармасы жүзеге асыратын негізгі міндеттерге бақылау жасауға көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасының 2015-

2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриялды-инновациялық даму жөніндегі бағдарламасына сәйкес жасалған Маңғыстау облысының кәсіпкерлікті қолдау картасы бойынша аймақта 22 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Мысалы, 2018 жылы арнайы экономикалық аймақта трансформаторлар және кабельдер шығарумен айналысатын «Ақтауэнергомаш» зауытын іске қосу көзделген. Зауыттың құрылысына әзірбайжандық инвесторлар қаржы салды.

Тілеген Едігеев Түпқараған ауданында салынатын жел қуатымен электр энергиясын өндіретін станса құрылысы туралы баяндады. Аймақта күн электр стансаларын салу да қарастырылған. Болашақта индустрияландыру саласындағы жаңа технологиялар арқылы өндіретін бұл стансалар халықты электр энергиясымен қамтамасыз ететін болады.

Зәурәгүл НАЗАР

КЕҢСЕДЕГІ КЕЗДЕСУЛЕР ЖЕМҚОРЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШПЕЙДІ

«Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалы жанындағы Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Алқалы жиынға партияның қалалық филиалы басшылығы, Алматы қаласының мөлхихат депутаттары, Құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелердің жетекшілері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің өкілдері, қалалық өкімдіктің осы мәселеге жауапты мамандары мен БАҚ журналистері қатысты.

Күн тәртібінде санитарлы-эпидемиологиялық қызмет пен өрт қауіпсіздігі саласындағы жемқорлыққа қарсы күресудің жүйелі іс-шаралары қаралды. Қоғамдық кеңестің төрағасы Борис Әлекеңұлы:

— Елбасының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының тоғызыншы бағыты — Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігіне бағдарланды. Мемлекет басшысы «Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса берді. Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады. Атап айтқанда, азаматтар өз

өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуы тиіс. Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдіктің нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметінің ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде өңгізу керек» деген тапсырма берді. Мемлекет басшысы басшылығында барлық бағдарламаларында шағын және орта бизнеспен айналысуға ниетті тұлғаларға қолдау көрсетуді нықтап тапсырды. Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сала мамандары осы шағын және орта кәсіпкерліктің қарқын алуына қажет сапаны бекітіп беру алуы тиіс, дейтұрағымен кей тұста қолбайлау болып отырғандарды да жасырын емес, — деп атап өтіп, алқалы отырысты бастап берді. Бүгінде санитарлы-эпидемиологиялық қызмет мамандарының тексерісі барысында жемқорлыққа қарсы күрес шараларының тиімділігі бәсеңдеп, керісінше төуекелі күшейген тұстары біршама арта түскен жағдайлар кездесуде. Бұған Қоғамдық кеңестің жүргізген зерттеулері мен сауалнамалары дәлел бола алады. Осыған байланысты Қоғамдық кеңес мүшелері бұл саладағы оқылықтардың тізімін тіркеп,

тиісті мекемелерге жіберген екен. Қаладағы санитарлы-эпидемиологиялық тексеріс мәселесіне тікелей жауапты Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті де жауапкершіліктен тыс қалмапты. Отырыс барысында осы мекеменің басшысы Айзат Молдақасымова баяндама жасап, бірқатар сауалдарға жауап берді. Айзат Балтағұлқызының айтуынша, өткен жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары аясында тиісті мекемелердің өкілдерінің қатысуымен түрлі басқосулар, семинар-тренингтер өткізілген. Департаментке келіп түскен арыз-өтініштердің қатары едәуір азайған. Алайда «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұлдыз Омарбекова саладағы осы оқылықтың орнын толтыру үшін денгелек үстелдердің өткізілігін жеткіліксіз екенін атап өтті. «Семинар-тренингтер сала мамандарының кәсіби біліктілігін жетілдіру, я болмаса жүйелі проблемаларды шешу үшін басқосу мақсатында өткізілгені жаксы. Кенесдегі кездесулер жемқорлық мәселесін шеше алмайды» деді Жұлдыз Қажықенқызы. Бұдан кейін Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Серік Әубәкіров есеп берді. Генерал-майордың баяндамасынан да саладағы жемқорлықтың себебін анықтап, салдарымен күресу үшін түрлі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын ұқтық. Талқылау барысында Серік Ғабдоллаұлына жекеменшік балабақшалардың өрт қауіпсіздігі мен

төтенше жағдайларға дайындығына қатысты бірқатар сауалдар қойылды. Қалалық мөлхихат депутаттарын бүгінде жекеменшік бақшаларда бала денсаулығына қолайлы деп қойылып жатқан экологиялық таза ағаштардың жайы мазалайды екен. Олар ТЖД өкілдерінің «осы ағаштарды өрт қауіпсіздігі талаптарына сай арнайы бояумен сырлау туралы» ескертпелерінің қаншалықты орынды екенін сұрады.

«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп «Бүгінде жекеменшік бақшаға айналған екі қабатты үйлердің қарасы көп. Олардың басшылығынан бастап тәрбиешілеріне дейін төтенше жағдай орын алған кезде атқаратын іс-шаралардан хабардар болуы керек. Осы жағдайды бақылау қаншалықты жолға қойылған және ТЖД-ның тәрбиешілерді оқыту бағдарламасы бар ма?» деген сауал қойды.

Қазіргі уақытта мұндай жекеменшік балабақшалардың жалпы нормасы ТЖД талаптарына сай екенін Серік Ғабдоллаұлы атап өтті. Сондай-ақ тәрбиешілерді оқытудың арнайы жүйесі бар және ары қарай да жетілдіріліп отыратынын тілге тиек етті.

Отырыстың екінші бөлігінде, қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарының жұмысына жауапты басқарманың қызметі барысы мен атқарып жатқан іс-шаралары сынға алынып, сарапқа салынды.

Асыл ТҰМАР

ЖАНАЗЫҚ

АЛМАТЫ ТӨРІНДЕ ӨТКЕН УНИВЕРСИАДА



Балуан Шолак атындағы спорт сарайы, «Алатау» шаңғы және биатлон кешені, «Табатаған» спорттық ойын-сауық кешені және «Халық Арена» мен «Алматы Арена». Бұл спорттық инфрақұрылымдар бүгін де қала тұрғындары мен қала қонақтарының игілігі үшін қызмет етуде. Универсиаданың ашылу салтанатында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қысқы Универсиадалар тарихында алғаш рет

мұнда Атлеттер қалашығы салынды. Бұл жобаға жұмсалған инвестиция қазақстандықтардың игілігіне қызмет ететін болады. Ареналар көпшілікті бұқаралық спортқа тартатын орталыққа айналады. Атлеттер қалашығы 1700-ден астам отбасыға арналған қолжетімді әлеуметтік тұрғын үйі бар жана ықшамауданды құрайды» деген болатын.


Халықаралық студенттік спорт феде-

рациясының президенті Олег Матышин: «Өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған бұл спорттық додаға бұдан бұрынғы Универсиадаларға қарағанда шығын аз кетті. Инвестициялар көлемі керісінше артты. Осы жайтқа ерекше назар аудартқымыз келеді. Ақ ойындарға 57 елдің 2000-ға тарта спортшысы келді. 578 университеттің үмітін арқаулаған кіл мықты өзара кім мықтыны анықтады» деген еді.

Универсиада – 2017 жарысын әлемнің 80 елінде 1 млрд көрермен тамашалады. EUROSPORT 1 және 2, CBS (АҚШ), CCTV (Қытай), KBS (Оңтүстік Корея), Match-TV (Ресей), Eurosport Asia-Pacific (Австралия және Мұхит аралдары) арналарынан көрсетілді. Бұл жайлы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы: «Спортшыларымыздың жеңісі барлық спорт жұртшылығын дүр сілкіндірді және бүкіл әлемдегі спортсүйер қауымды бей-жай қалдырған жоқ. Сондай-ақ Универсиададағы спорттық жеңістер еліміздің жоғары экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының дәлелі» деп атап өткен.

28-ші Қысқы жарыс 60 елден 30 мыңнан астам қонақтар мен туристерді қарсы алды. Кез келген ірі шара секілді қысқы Универсиадаға 3 мыңнан астам ерікті үлес қосты. 2800 ерікті Алматы қаласынан болса, 200 адам шетелден және еліміздің өзге өңірлерінен келіп, ерікті ретінде ойындарға қатысуға мүмкіндік алып, сайыс барысын ғаламтор кеңістігінде жариялап, таратып отырды.

Жалпы, Универсиаданы Алматыда өткізу туралы ресми шешім 2011 жылғы 29 қарашада Брюссельде Халықаралық университеттік спорт федерациясында (FISU) өткен дауыс беру нәтижесінде қабылданды. Осылайша, Алматы бұрынғы кеңестік кеңестік елдерінің ішінде бірінші болып, 2017 жылы өтетін XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды. Бұған дейін 1973 жылы Мәскеу және 2013 жылы Казан қаласы жастардың тек жазғы спорт ойындарын қабылдаған болатын. Универсиада туын Алматыға беру салтанаты рәсімі 2015 жылғы 15 ақпанда Испанияның Гранада қаласында өтті. Гранадада өткен ойындарда қазақ жастары 3-орынды иеленген болатын. Универсиада ойындарын өткізу эстафетасы 2017 жылы Алматыға жеткен болса, екі жылда бір болатын студенттер арасындағы кешенді сайыс енді Ресейдің Краснояр қаласында алауын жағып, жалауын желбіретеді.



«2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында Алматы қаласында Бүкіләлемдік 28-ші Қысқы Универсиада өтті. Халықаралық жарысқа әлемнің 57 елінің спортшылары қатысты».

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында тәуелсіз Қазақстанның 33 басты нәтижесінің 31-тармақшасы бытыр ғана қазақ елінде тұңғыш рет алауы тұтанған XXVIII қысқы Универсиаданы еске салады. Халықаралық университеттік спорт федерациясының (FISU) ұйымдастыруымен студенттер арасында өтетін халықаралық жарыста әлемнің 57 елінен келген 2 мыңға жуық спортшы бақ сынады. Он бір күнге созылған байрақты бәсекеде саңлақтарымыз жоғары нәтиже көрсетті.

Нұрсұлу МЫРЗАХМЕТ

Универсиадада спорттың 12 түрінен 85 медаль жиынтығы сарапқа салынды. 57 мемлекеттің спортшысы қатысқан бұл додада Қазақстан студенттік құрамасы сәтті өнер көрсетті. Барлығы 171 спортшы қатысты. Спорттың 12 түрінен сынға түскен санлақтарымыз 36 медаль иеленіп,

Қазақстан жалпыкомандалық есепте 2-орынға тұрақтады. Бірінші орынға Ресей шықса, үшінші орынға Оңтүстік Корея табан тіреді. Бүкіләлемдік сайыста еліміздің қоржынына 11 алтын, 8 күміс және 17 қола түскен болатын. Биатлоншылар, шаңғышылар мен фристайлшылар үздік нәтиже көрсетті. Юлия Галышева, Дмитрий Рейхард, Галина Вишневская мен Анна Шевченколар қосқостан медаль тағынып, жанкүйерлерді желінтіп тастады. Ал соңғы жүлдені хоккейшілер қоржынға салған еді.

Жарыстар спорттың 12 түрі бойынша өтті: биатлон, таушаңғы спорты, кёрлинг, конькимен жүгіру спорты, шаңғы қос сайысы, шаңғы жарысы, шаңғымен трамплиннен секіру, сноуборд, мөнерлеп сырғанау, фристайл, шайбалы хоккей, шорт-трек.

Алматыда Универсиадаға арнайы екі жаңа спорттық нысан – «Халық Арена» мен «Алматы Арена» салынды. Жарыстар Алматының 8 спорт нысанында өтті. Олар – «Шымбұлақ» таушаңғы курорты, «Медеу» мұз айдыны, «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплинінің кешені,

ЖОЛДАУ

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын насихаттау жөніндегі республикалық ақпараттық топ Қызылорда облысында жұмыстарын жүргізіп жатыр. Жұмыс тобын Қызылорда облысына Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов бастап барды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Қалмұханбет Қасымов Елбасы Жолдауының негізгі міндеттері талқыланды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың халыққа есеп беру кездесуіне қатысты. Түсіндіру жұмыстары шеңберінде өткізілген облыс активімен кездесу барысында министр басты құжатта көрсетілген негізгі басым бағыттарға сипаттама беріп, алға қойған мақсаттарды іске асыру бағытында ел Үкіметі қабылдап жатқан шаралар туралы әңгімеледі. Кездесуде Төртінші өнеркәсіптік революцияны іске асырудың маңызды бағыттарына, заманауи құқықтық және қауіпсіз қоғам құру мәселелеріне баса назар аударылды.

«Жұмыс сапары барысында Қызылорда облысы әкімдігі жанындағы ахуалдық орталықтың жұмысымен танысты. Бұл орталықтың барлық жүйесі ғаламтормен тіркеліп, электронды планшеттер мен жұмыс барысын пайыздық көрсеткішпен есептеуге арналған экранмен қамтамасыз етілген. Басқа өңірлермен тікелей байланысқа шығуға мүмкіндік те жасалған. Одан өзге, облыстық Ішкі істер департаменті, денсаулық, білім басқармаларының жұмысымен онлайн режимде танысуға болады. Облыстың экономикалық ахуалын талдап көрсететін түрлі бағдарламалар да орнатылған. Мұның өзі ахуалдық орталықтың жұмысының жоғары сапада қызмет көрсетіліпті дегенді білдіреді. Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлының Сыр өңіріндегі жұмыс сапары Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрында өткен Қызылорда облысы әкімі Қ.Көшербаевтың халық алдында есеп беру жиынына қатысуымен жалғасын тапты. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші сараланып, облыс тұрғындарының ұсыныс-пікірлері тыңдалды» деп хабарлады облыстық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Бұдан соң министрлік басшысы азаматтарға жеке қабылдау өткізіп, өңір тұрғындарының нақты мәселелерімен танысты, сонымен бірге азаматтарды алаңдатқан мәселелерді жедел



шешу жөнінде тапсырма берді. Сапар барысында министр Ішкі істер, төтенше жағдайлар және қылмыстық атқару жүйесі департаменттерінің жеке құрамымен кездесті. Кездесулерде министр Жолдаудан туындайтын міндеттерді іске асыру үшін Ішкі істер органдары қабылдайтын негізгі шараларға нақтырақ тоқталып, басым бағыттарды псықтады. Келесі кезекте Қ.Қасымов жергілікті полиция қызметінің, кезекші бөлімінің және қажетті құралдармен қамтамасыз етілген көшпелі полиция бекетінің жұмысымен танысты. Министр ғимараты толық қайта құрастырудан өткен қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде болды. Мұнда бұрынғы жапсырылған салынған үй-жайдың орнына халықаралық стандарттарға сәйкес сотталғандарды камералар бойынша ұстауға арналған жатақханалар тұрғызылған. Сонымен бірге, министр сотталғандардың кәсіптік білім алуы және өңірдің бизнес құрылымдарын тарта отырып, қосымша жұмыс орындарын құру мәселелерін талқылады.

«Қазіргі заман талаптарына сай болу үшін Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – Ішкі істер органдары қызметін жаңғыртуға және технологиялық дамуына жаңа серпін беруі тиіс», - деп атап өтті Ішкі істер министрі әріптестері алдында. Қызылорда облысындағы жергілікті полиция қызметінің жалпы штаттық бірлігі 1006,5-ті құрайды. Облыстық мәслихаттың кезекті 42-сессиясының шешімімен, Қызылорда облысы Ішкі істер департаментіне облыс бюджетінен 4 млрд 574 млн 346 теңге бөлініп, оның 2 млрд 100 млн 812

мың теңгесі жергілікті полиция қызметін қамсыздандыруға қарастырылған.

Министрлік басшысының назарына ІД оқу-жаттығу орталығының, Жалағаш АІП және Арал ауданындағы Сексеуіл полиция бөлімі құрылыстарының жобалары ұсынылды. Сонымен қатар Қ.Қасымов өткен жылы республика бойынша ұйымдастырылған слеттің жеңімпаздары болған жол қозғалысының жас инспекторларымен кездесіп, жол қауіпсіздігі ережелерін жетік игергендері үшін алғысын білдіріп, олардың осынау ұлағатты істерімен қоғамның тәртіпті нығайтуға өз үлестерін қосып отырғанын және бұл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген міндеттердің бірі екенін атап айтты.

Ішкі істер министрі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Сыр өңіріндегі жұмыс сапарын ОИД, қалалық ішкі істер басқармасы, Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, Көліктегі ішкі істер бөлімі сынды ішкі істер органдарының басын біріктіріп отырған «Динамо» денешынықтыру-спорт қоғамдық бірлестігінің жұмысымен танысып қорытындылады. Жұмыс сапарының соңында Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов қоғамның полицияға деген сенімін арттыратындай жұмыс жасау керектігін ескерте келе, облыстық Ішкі істер департаменті басшылығына облыс аумағындағы жедел жағдайдың жай-күйін бақылауды қамтамасыз ету және Елбасының ішкі істер органдары алдына қойған міндеттерін мұлтіксіз орындау бағытында нақты тапсырмалар берді.

КӨРМЕ



ЕЛБАСЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – ШЫМКЕНТТЕ

Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» атты көшпелі көрме өз жұмысын бастады. Шымкент қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайында шараның салтанатты ашылуы болып өтті.

Шымкенттік қалың көпшіліктің назарына Мемлекет басшысының жеке архиві, жеке кітапханасы және музей қорының материалдары мен зерттеу нәтижесі ұсынылған. Сондай-ақ мұнда кітапхананың архиві, кітап, музей қорларының сирек жәдігерлері, Елбасының жоғары мемлекеттік марапаттары, Құрандар коллекциясы, өзге мемлекет басшыларының қолтаңбасымен кітаптар, Н.Назарбаевтың шет тіліндегі кітаптары да бар. Көрме «Көшбасшы жолы», «Көшбасшы феномені», «Әлем таныған, Көшбасшы» және «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» атты төрт бөлімге құрылыпты.

Елбасының Тәуелсіз Қазақстан тағдырындағы ролін мұрағат құжаттары мен жәдігерлер арқылы жүйелі түрде кеңінен көрсетуді мақсат еткен көшпелі көрме алғаш рет өткен жылдың соңында Алматыда бастау алған болатын. Көрменің ашылу салтанатында сөз алған Қазақстан Президенті Кеңесінің бастығы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ММ-нің директоры Махмұт Қасымбеков көрмені шырайлы Шымкент қаласында өткізу кездейсоқ емес екенін атап өтті.

– Көрмені Алматыдан кейін Шымкентте ашқалы отырмыз. Әрине, бұл кездейсоқ емес. Себебі, Оңтүстік Қазақстан облысының еліміздің

әлеуметтік және экономикалық дамуындағы ерекше рөлге зор. Екіншіден, бұл өңір – халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрінің кеніші, аналімізбен ұлттық құндылықтарымыздың қаймағы бұзылмаған ордасы. Сондықтан Шымкент – баршамыз үшін ыстық әрі жүрегімізге жақын, – деді М.Қасымбеков.

Облыс әкімі Ж.Түйебаев мазмұны мен деңгейі тұрғысынан аса маңызды іс-шараның Оңтүстік өңірінде өтуі үлкен мәртебе, әрі зор мақтаныш екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қазақстан тарихындағы шешуші кезеңде еркіндік пен тәуелсіздікті аңсаған халықтың асыл арманын орындады. Қысқа мерзім ішінде еліміз жүз жылға титытын ғажайып даму кезінен артқа тастады. Еліміз әлеуметтік-экономикалық тұрғыда айрықша өркендеп, халқымыздың әл-ауқаты жақсарды. Бұл көрмеде қонақтар Елбасының осынау тағылымы мол еңбектерімен де таныса алады. Демек, бұл шараның тұрғындарға, әсіресе, еліміздің жастарына берері мол», - делі Жансейіт Кансейітұлы.

Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының көрмені үш айға дейін тамашалауға мүмкіндігі бар. Салтанатты шара кешке «Түркістан» концерт залында Президент оркестрінің концертінде ұласты. Бұдан бөлек, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен Президент еңбектерінен кітап көрмесі М.Әуезов атындағы ОКМУ-де, музей, архивтер және кітапхана қызметкерлері үшін «ашық кеністік» үлгісіндегі аймақтық кәсіби сессиясы, Түркістан қаласында көшпелі экскурсия ұйымдастырылмақ.

Е.МҰРАТБЕК,
Оңтүстік Қазақстан облысы

A'LEY'MET

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП ЖАҢА НЫСАН

Жуырда Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркi өзiнiң Garage деп аталатын алғашқы жобасын iске қосты. «Отандық IT жобаларды қолдап, цифрлы технологияларды дамытудың негiзгi өзегiне айналды» деген үмiт артылған технопаркi құру туралы ой алғаш рет өткен жылы айтылды. Қазақстан Президентi Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшіншi жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабiлеттiлiк» Жолдауында: «Бiз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиiспiз. Бұл – маңызды кешендi мiндет. Үкiметке EXPO – 2017 нысандарының базасында IT-стартаптар халықаралық технопаркiн құруды тапсырамын. Ол өлемнiң барлық өiлiнен кәсiпкерлер мен инвесторлар тартудың платформасы болуға тиiс. Бұл үшiн тиiстi инфрақұрылым және салық жеңiлдiстерiн, оңайлатылған виза мен еңбек режимiн қоса алғанда, қолайлы жағдай керек» деп технопарк жұмысы туралы нақты тапсырмалар бердi.

Ресми ашылуын Ақпарат және коммуникациялар министрi Дәурен Абаев қыркүйекке белгiлеген жаңа нысанның жұмысындағы жаңалықтармен танысып, қазақстандық IT өндiрiстiң алға iлгерiлеуiне тигiзер пайдасы жөнiнде Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркiнiң басшысы Мағжан Мәдиевпен әңгiме құрған болатынбыз.

– Елiмiзде осы уақытқа дейiн бiрнеше технопарк құрылды. Олардың бiрiнiң жұмысына Мемлекет басшысы жуырда қатаң сын айтып, ескерту жасағаны белгiлi. Ал жаңадан құрылған Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркi несиенер ерекшеленедi? Қандай маңызды мiндеттердi алдына қойып отыр?

– Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркi – кәсiпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуге арналған алаң. Негiзгi мақсат – «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға үлес қосып, IT саласын дамыту, Қазақстанды өлемнiң цифрландыру көрсеткiшi бойынша дамыған 30 мемлекетiнiң қатарына қосу. 2023 жылға дейiн отандық стартаптар мен IT жобаларға жалпы көлемi 100 млн доллар инвестиция тартуды жоспарлап отырмыз. Ақпан айының басында Garage бағдарламасын бастадық. Келiп түскен 151 өтiнiмнiң 33-i iрiктелiп, екiншi кезеңде 23 топ ары қарай бақ сынауға мүмкiндiк алды. Ақтық сынның қорытындысы бойынша, 13 топ бағдарлама қатысушысы атанды. Ұсынылған жобалар блокчейн, виртуалды шынайылық, жасанды интеллект сияқты салаларды қамтиды. Оларға үш ай бойы жобаларын дамытуға барлық қолдау түрлерi ұсынылады. Атап айтсақ, бағдарлама аясында қатысушылар бiлiктi бизнес жетекшiлер, маркетинг, дизайнерлер мен веб-қосымшалар дайындайтын мамандардың қызметiне, EXPO – 2017

көрмесi өткен ғимараттан тегiн кенсе мен инкубациялық бағдарламаға көз жеткiзе алады. Бiлiмiн жетiлдiру, өз жобасын толық аяқтап, бағдарлама соңында оны потенциалды инвесторларға ұсыну мүмкiндiктерi де қарастырылған. Үш айдан кейiн бiз жобамыздың алғашқы түлектерiн дайын кәсiпкерлер етiп шығарамыз. Олармен байланыс үзiлмейдi. Garage бағдарламасы дәстүрлi негiзде тұрақты өтетiн болады.

– Astana Hub отандық кәсiпкерлер мен IT мамандарға, стартап жобасы бар жастарға тағы қандай мүмкiндiктер ұсынады?

– Технопаркiн бастауыш кәсiпкерлерге арналған бағдарламасын жоғарыда таныстырдым. «Астана» Халықаралық қаржы орталығында бастапқыда тек қаржылық ұйымдар ғана тiркеледi деп күтiлген едi. Кейiннен бiз Конституциялық заңға өзгертулер енгiзiп, қаржы ұйымдарының қатарына инновациялық компаниялар мен электронды коммерция өкiлдерiн қостық. Қазiр EXPO – 2017 халықаралық көрмесiне арнап салынған кешеннен аумағы 10 мың шаршы метр жер технопаркiнiң иелiгiне берiлдi. 2019-2021 жылдары жаңа нысанның қажеттiлiгiн өтеуге тағы 20 мың шаршы метр аумақ берiледi. Сондықтан алдағы уақытта IT технологиялар саласында жұмыс iстеп тұрған кәсiбi бар азаматтарға, «технопаркiн дамуына үлес қосуы керек» деген талаппен EXPO аумағынан тегiн кеңселер берiлуi мүмкiн.

Бiзде қазiр techpreneurs.kz сайты жұмыс iстейдi. Биыл сайт қолданушыларының қатары 100 мыңға жетедi деп жоспарлап отырмыз. Бұл технологиялық бағытта ақпарат тарататын онлайн-басылым болады. Қазiр сайтта қызықты тақырыптарға дәристер, видеобақытар мен пайдалы материалдар орналастырылған. Одан бөлек, хабтың жанынан



Tech-community қауымдастығы құрылды. Ол салаға қатысты тұлғалардың басын бiр арнаға бiрiктiрiп, өзара әрiптестiкке жол ашады. Технопарк қауымдастық мүшелерiнiң кездесулерiн жиi ұйымдастырып, саммит, форум, конференция, хакатон, байқаулар өткiзедi.

– Astana Hub Қазақстанның IT саласындағы қандай мәселелердi шешедi?

– Қазiр бiздегi нарықтың екi проблемасы бар. Бiрiншiсi – бұл саладағы кәсiпкерлердiң аздығы. Екiншiсi – стартап-өкiлдерiнiң нашар дамығандығы. Қазақстанда азаматтар көбiне дәстүрлi бизнес түрлерiн таңдайды. Балаларын да бұрыннан таныс қаржыгер, экономист сияқты мамандықтарға оқытады. Бiзде IT мамандар ерекше сұранысқа ие болатын, цифрлы экономикаға негiзделген мәдениет ендi қалыптасып келе жатыр. Astana Hub IT технологиялар саласында отандық компаниялар үлесiнiң артуына ықпал етедi. Бiз олардың жолында кездесетiн келергiлердi жою, мемлекеттiң қолдаудың жаңа тетiктерiн қарастыру және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету, бiлiм беру бағдарламалары, инвесторлармен кездесу алаңдарын құруға қатысты мәселелерде көмек көрсете аламыз.

– Технопаркiң халықаралық байланыстары қандай?

– Astana Hub IT жобалардың дамуына шетелдiк компаниялар мен жеке тұлғаларды тартуға тырысады. Қазiр бiрқатар мекемелермен меморандумдар бар, келiссөздер жалғасып жатыр. Әрiптестерiмiң жөнiнде кейiнiрек толық хабарлаймыз.

– Стартап жобалар қандай қаржыландыру көздерiне үмiт арта алады?

– Израиль тәжiрибесiне сүйенiп, бiз қосымша инвестициялау қорын құруды жоспарлап отырмыз. Қазақстан венчурлық нарықтың дамуы бойынша артта қалып келедi. Аталған нарық көлемi АҚШ-та – 72,3 млрд, Қытайда – 49,2 млрд, Ресейде – 2 млрд доллар болса, Қазақстанда 10 млн доллар деп бағаланған. Шетелдiк қаржыландыруды былай қойғанда, қазақстандық инвесторлардың көбi отандық IT жобаларға қаржы құюға асықпайды. Өйткенi нарық кiшкентай, жобалардың тартымдылығы аз, инвестор ақшасын жоғалттып алудан қорқады. Қорын жоба жетекшiлерi жеке инвестор тапқан жағдайда, онымен 1:1 келiсiмi бойынша тәуекелдер мен шығындарды төндiрi бөліп қаржыландыруға дайын. Яғни, әлi өзiн-өзi ақтамаған жобаның жарты ақшасын инвестор, қалған жартысын қосымша қаржыландыру қоры өтейдi.

– Astana Hub технопаркiнде қолайлы инвестициялық климат қалыптастыру үшін қандай шаралар қолға алынған жатыр?

– Технопарк «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында тiркелгендiктен, оның резиденттерiне еңбек және визалық режимдер онтайландырылып, салықтық жеңiлдiктер қарастырылады. Ғимарат iшiнде бiлiм беретiн аймақ, коворкинг-кеңселер, келiссөздер бөлмесi, R&D-аймақтар, мәслихат залдары, технопарк серiктестерi мен резиденттерiне арналған кеңселер және демалыс орындары болады. Шетелдiк инвесторлардың сенiмiн қалыптастыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында ағылшын құқығына негiзделген сот жүйесi жұмыс iстейдi.

– Қазақстан Орталық Азия мен ТМД елдерi аумағында цифрлы технологияларды дамыту бойынша қосбасшыға айнала ала ма?

– ТМД аумағын алып қарасақ, кiшкене қиындау. Себебi, бiзге бәсекелес Мәскеу, Киев пен Минск бар. Ал Орталық Азияда Қазақстан өз бастамаларымен цифрлы технологияларды дамыту бойынша қосбасшы атануға толық мүмкiндiгi бар. Өйткенi өндiре ірі жобалар жоқ. Бiрақ бiлiктi кадрлар жетерлiк. Astana Hub IT-стартаптардың халықаралық технопаркi оларды Қазақстанға тартуға көмектесе алады.

– Әңгіменіңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Динара ТШЕУБЕК

НАРЫҚ

ЦИФРЛЫ ФОРМАТҚА КӨШУ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

«Уақыт – ақша» дейтiн кәсiпкерлер үшiн әр күнiн тиiмдi пайдалану – зор қазына. Мемлекет тарапынан бизнеске көрсетiлiп жатқан көмек түрлерi субсидиялар мен салықтық жеңiлдiктерден ғана тұрмайды, кәсiпкерлiктi жүргiзу жұмыстарың жеңiлдiдету арқылы заңды тұлғаның уақытын үнемдеуге мүмкiндiк бередi. Қазiр бiр жапырақ анықтаманы алу үшiн бiр мекемеден екiншiсiне құшақ-құшақ құжаттарын алып жүретiн заман артта қалған. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен дүниеге келген «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы – соның бастауы. Мемлекет басшысы Биылғы Жолдауында да барлық бизнес-процестердi цифрлы жүйеге өткiзудi назардан тыс қалдырмай, «Бiр терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттiң қолдау көрсету үдерiстерiн цифрландыруды қамтамасыз ету қажет» деп тапсырма бердi.

Кәмила ДҮЙСЕН

Алматыда өткен «Мемлекеттiң бизнестi қолдау шаралары мен бизнес-процестердi автоматтандырудың цифрлы трансформациясы» деген тақырыптағы тұңғыш IT-DAU конференцияда кәсiпкерлiкке тиiмдi цифрлы құралдар таныстырылып талқыланды. Шара аясында «Даму» қоры шағын және орта бизнесте мемлекет тарапынан қолдау шараларын автоматтандыру нәтижелерiмен бөлісіп, болашағына байлам жасады. Қордың басқарма төрағасы

Абай Сарқұловтың айтуынша, автоматтандыру клиенттермен тиiмдi жұмыс iстеп, олардың алғаш хабарласқан уақытынан бастап, қаржыға қолы жеткенге дейiнгi аралықтағы барлық әрекеттерiн қадағалап отыруға мүмкiндiк бередi.

– Биылғы қыркүйекте CRM жүйесi бойынша Digital Damu платформасы енгiзiлiп, қаржылай және бейқаржылай қызмет көрсету бойынша iшкi бизнес-процестер автоматтандырылды. Соның арқасында 2017 жылдың бiрiншi тоқсанымен салыстырғанда қолдау алған жобалар 4 есеге артты. Яғни, мемлекеттiң қолдау құралдары жайлы кеңес алған клиенттер саны соңғы 4 ай iшiнде 45 пайызға көбейген. Клиенттер кейде қор ұсынатын өнiмдер қатарынан өзіне не керек екенiн бiлмей жатады. Осындай жағдайда клиенттiң жеке мәлiмдеттерi бiр жүйеге енгiзiледi де, «Өнiм таңдауы» опциясы және кәсiпкерге қойылатын сұрақтар мен бағдарламаның көмегi арқылы әр клиентке лайық қаржылық құрал жеке таңдалады, – дейдi ол.

Нәтижесінде, кәсiпкер екiншi деңгейдi банктерге несиені алуға өтiнiш бере алады. Клиенттiк сервис департаментiнiң директоры Жамбыл Қалдаров мұның барлығы қаржылық супермаркеттiң бiрiншi кезенiнде қолжетiмдi болғанын атап өттi. Оның айтуынша, биыл әр кәсiпкердiң жеке порталын жасап шығу көзделген. 2018 жылға жоспарланып отырған цифрлы форматқа көшудiң екiншi кезенi бiрнеше бағыттан тұрады. Бiрiншi бағыт өтiнiмнің ер кезеңiн қадағалай отырып, процеске қатысушымен тiкелей байланыс орнатуға мүмкiндiк берсе, екiншiсi – қысқа мерзiм iшiнде қай банк несиелендiре алатынын бiлу мақсатында өтiнiмiн бiр мезетте бiрнеше әрiптес банкке жіберу. Осының арқасында қаржылық институттар арасында ашық бәсекеге көз ашылады.

«Мұнда заңды тұлғаның барлық құжаттары бiр жүйеге жинақталады. Банктер жүйеге кiрiп қамандандыруға өтiнiш берген кәсiпкер туралы қажеттi мәлiмдеттердi ала алады. Жүйенiң ең басты артықшылығы – кәсiпкер өткiзген құжаттарының қай мекемеде қаралып жатқанын да бақылап отырады» дейдi Ж.Қалдаров.

Кәсiпкерлерге көрсетiлiп жатқан қызмет түрлерiн цифрлы форматқа көшiру iшi бизнес-процестердi автоматтандырусыз мүмкiн емес. Осы мақсатта Paper-Free электронды құжат айналым жүйесi пайдаланылады. Ол «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттiк бағдарламасындағы маңызды бағыттың бiрi. Электронды құжат айналымның автоматтандыру бағысында электронды құжаттарға бұрыштама соғып, мақұлдау кезеңiнде электронды-цифрлы қол қою үлгiсiн қолдану жүзеге асқан. Әрiне, дайындалатын құжат түрлерi электронды құжаттар айналымның реттейтiн құқықтық-нормативтi актiлерге сай. Сонымен бiрге, алдағы уақытта электронды архив құру жобасы жүзеге асырылуы мүмкiн. Ол қағазбастылықты азайтып, құрылымдық бөлімшелер мен аймақтық филиал жұмысының тиiмдiлiгiн арттыра отырып, қор жұмысына қажеттi құжаттардың сақталып тұруына мүмкiндiк бередi.

Цифрлы жүйеге ауысуың санаға салмақ салар салдары да жоқ емес. Бiздiң айтып отырғанымыз – құжаттардың қауiпсiздiгi. Мамандардың айтуынша, әлем бойынша жасалатын хакерлiк шабуылдардың көпшiлiгi ақпараттық файлдар мен бағдарламаларға бағытталады. Сондықтан жеке мәлiмдеттердiң сенiмдi қолда болғаны маңызды. Documentolog ЖШС-ның бас директоры Байжан Қанафин сервис арқылы жiберiлген құжаттар мiндеттi түрде шифрланатынын айтып.

– Бизнеске бiр де бiр құжат бөгде адамның қолына түспегенi өте маңызды. Сондықтан жұмыс барысында бiз құжаттардың қауiпсiздiгiн мұқият қадағалаймыз. Цифрлы жүйенiң болашағына келер болсақ, барлық коммуникацияның электронды форматқа көшiрiнгенi тиiмдi. Бiрақ соңғы сөз – әрiне, мемлекетте. Өйткенi қандай форматта жұмыс iстеудi түптеп келгенде шешетiн бiлiк. Бүгiнгi процестердiң барлығы электронды форматқа көшiрген күннiң өзiнде, бюрократиядан арылдық деп айтуға келмейдi. Мұнда бюрократияға емес барлық процестердiң ашық жүретiндiгiне назар аудару қажет. Әрi уақыт жағынан да ұтымды бола түседi, – дейдi ол.

Әрiне, қазiр қай процестiң де жылдам жүргенi тиiмдi. Өйткенi инновация мен креатив сананың жұмысын көбiрек талап етедi. Ал оған iзденiс қажет. «Даму» қорының басқарма мүшесi Қуаныш Ұласбеков өтiнiш беру үшiн құжаттарды рәсiмдеудi цифрлы форматқа көшiру кәсiпкердiң өз жобасына көбiрек көнiл бөлуiне мүмкiндiк жасайтынын алға тартты.

– Өйткенi ол уақытын бұрынғыдай құжаттарды жинауға, банктерге немесе Даму қоры мекемесiне қатысты ақпараттарды дәлелдеуге емес, жобаны ары қарай дамытуға жұмсайды. Алдын ала жасалған болжамдарға сәйкес бұл келiп түскен өтiнiштердi қарау мерзiмiн 4 есе қыскартпақ. Әрiне, оның барлық тарапқа тигiзер пайдасы бiрдей, – дейдi ол.

Ақпараттар ағыны толассыз сананы шабуылдайтын мына заманда оны игере алатын технологияларды пайдалану қай мекеме үшiн де артықшылық болмақ. Кәсiбiне көбiрек көнiл бөліп, тоқырап қалмай, нарықтың төрiнен орын тапқысы келетiндер бұл тенденциядан тысқары қалмақ емес.

ҚЫЛМЫС

Талдықорған қаласындағы «Талдықорған-электросетьстрой» ЖШС базасында Алматы облысындағы алғашқы шағын индустриалды аймақ іске қосылды. Үлкен үміт артылып отырған маңызды жоба Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы және Талдықорған қаласы әкімдігінің өзара ынтымақтастығы мен қолдауы нәтижесінде жүзеге асырылды.

АЛҒАШҚЫ ШАҒЫН ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

Өткен жылдың соңында тараптар арасында әріптестік жөнінде меморандумға қол қойылған болатын. Шағын индустриалды аймақтарды дамыту жұмысы тұралап, тоқтап қалған кәсіпорындар негізінде бизнес-инкубаторлар ашуға негізделген. Алдын ала жүргізілген мониторинг бойынша қазіргі кезде облысымызда өндірістің өкпесі өшкен, тоқтап қалған 13 кәсіпорын бары анықталыпты.

«Талдықорған электросетьстрой» 1948 жылы Талдықорғандағы «Казелектромонтаж» механикаландырылған колонна тресті негізінде құрылған. Содан бері құрылыс және құрастыру жұмыстарымен айналысып келген кәсіпорынның өндіріс алаңында 12,6 гектар жер аумағы, жекеменшік әкімшілік ғимараты, металл құрастырылымдар цехы, қоймалар мен көлік-жайлар бар. Кейінгі жылдары өндірісі тоқыраған серіктестік негізінде құрылған шағын индустриалды аймақтың арқасында бүгінде мұнда онға тарта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеуде.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының экономикалық мәселелер бойынша орынбасары Әсет Шаяхметовтің айтуынша, шағын индустриалды аймақта кәсіпкерлерге жалға алу бағасы бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Жалға алу құны нарықтық бағадан біршама төмен. Кәсіпкерлік нысандарына қажетті инфрақұрылымдар тартылған. Сонымен бірге, осындағы бос жатқан жерлерінде кәсіп-

керлер құрылыспен айналысып, жаңа нысандар аша алады. Шағын индустриалды аймақтарды ашу мен дамыту – шағын және орта бизнесті дамытуды ынталандырудың маңызды тетіктерінің бірі. Осы бағыттағы жобалар жер ресурстарын тиімді пайдалануға, тоқтап тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуға септігін тигізеді.

Қазіргі кезде индустриалды аймақ аумағында тігін ательесі, құрылыс машиналарын жөндеу цехы, металл құрастырылымдар цехы, полистиленді өңдеу цехы, шеберхана цехы, пластик терезелерді шығаратын цех, кондитерлік цех, ТЖО жұмыс істейді.

«Кәсіпорын жұмысына қатысты қиындықтарды 2014 жылдан бастап сезіне бастадық. Әртүрлі жағдайлар орын алды, компанияның қайта жандандыру бойынша көп ойландық. Кәсіпкерлер палатасының демеуімен біздің кәсіпорын жаңа өмірін бастады. Әрине, жағдайымыз әлі де күрделі болып тұр. Оңалту процедурасынан өтуге дайындалып отырмыз, есепшоттарымыз ашылады. Біз қызметімiздi қайтадан бастаймыз», – дейдi «Талдықорған электросетьстрой» ЖШС директоры Қайролла Ибрагимов.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының ақпаратынша алдағы уақытта Талдықорған қаласындағы «Дархан и К» кәсіпорны негізінде шағын индустриалды аймақ ашу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

ӨНЕРТАПҚЫШ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АВТОКӨЛІК СИНАПҒА АТТАНБАҚ

Сәтбаев университеті студенттері Сингапурда өтетін Shell Eco Marathon 2018 жарысына өздері құрастырған автомобильмен қатыспақ. 1939 жылдан бері Детройт, Лондон, Сингапур, Рио де Жанейро қалаларында өткізіліп келе жатқан жарысқа Қазақстан тұңғыш рет қатысып отырғанын айта кеткен жөн.



Ақбота ИСЛӘМБЕК

Shell компаниясы дәстүрлі түрде өткізетін эко марафонның негізгі тұлғасы – қоршаған ортаға залал тигізбейтін жаңа жанармай түрлерін ашып, қолданыстағы жанармай түрлерін техникалық тұрғыда жетілдіру. Жарыс шарты бойынша, автомобиль 1 литр жанармаймен жоғары қашықтықты жүріп өтуі керек. Марафон рекорды – 3836 шақырым. Әлемнің түкпір-түкпірінен 120-ға жуық топ өзара бақ сынайтын доладан басты ұстанымы – жанармайдың зиянды қалдықтарын азайтуға, қоршаған ортаны қорғауға, экономикалық тиімді жанармай түрлерін ашуға саялау.

8-11 наурыз аралығында Сингапурда өтетін жарыста Сәтбаев университеті студенттерінен құралған SU Racing Team командасы бақ сынамақ. Бұл команда жарысқа қатысу үшін арнайы автомобиль құрылысын құрастырды. Машина жасау, көлік, органикалық химия факультеттерінің 2,4-курс студенттерінен жиналған команда отандық машина жасау өндірісінің дамуына жаңа леп әкелуді мұрат ететіні аяғы тартуда. Тағы айта кететіні, жарысқа Қазақстан атбаны екінші команда ретінде Назарбаев университеті қатысады.

Әлібек ИБРАИМ,
SU Racing Team командасының капитаны:

– Жарысқа қатысу үшін өткен жылдың тамызында жобамызды жібердік. Автомобильдің канқасын, жобасын, жүру қағидаларын алдын ала есептеп, сызып дайындадық. Осылайша, алғашқы іріктеу кезе-

нінен өттік. Екінші кезеңде темирден құрылғанымыздың канқасын тұрғызуға кірістік. Салмағы ауыр болғандықтан, жеңіл материалға көшуді күп көрдік. Содан қантар мақсаты – қоршаған ортаға залал тигізбейтін жаңа жанармай түрлерін ашып, қолданыстағы жанармай түрлерін техникалық тұрғыда жетілдіру. Жарыс шарты бойынша, автомобиль 1 литр жанармаймен жоғары қашықтықты жүріп өтуі керек. Марафон рекорды – 3836 шақырым. Әлемнің түкпір-түкпірінен 120-ға жуық топ өзара бақ сынайтын доладан басты ұстанымы – жанармайдың зиянды қалдықтарын азайтуға, қоршаған ортаны қорғауға, экономикалық тиімді жанармай түрлерін ашуға саялау.

8-11 наурыз аралығында Сингапурда өтетін жарыста Сәтбаев университеті студенттерінен құралған SU Racing Team командасы бақ сынамақ. Бұл команда жарысқа қатысу үшін арнайы автомобиль құрылысын құрастырды. Машина жасау, көлік, органикалық химия факультеттерінің 2,4-курс студенттерінен жиналған команда отандық машина жасау өндірісінің дамуына жаңа леп әкелуді мұрат ететіні аяғы тартуда. Тағы айта кететіні, жарысқа Қазақстан атбаны екінші команда ретінде Назарбаев университеті қатысады.

Әсет МҰРАТБЕКҰЛЫ,
SU Racing Team командасының техник-маманы:

– Бүгінде әлемдегі қоршаған ортаның ластануы – басты назарда. Сондықтан экологиялық таза жанармай түрі – этанолды тандалдық. Мотоцикл қозғалтқышының үлгісін негізге алып, жетілдірілдік. Құрылыс қанқасы ретінде дюралюминийді қолдансақ, корпус стеклопластиктен жасалды. Яғни, біздің басты қағида – берік әрі салмағы жеңіл құрылыс жасау болды. 1 литр этанолмен 350-400 шақырым жүруді жоспарлап отырмыз.

ТАҒЛЫМ

АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҚ АРҚАУЫ

Француз ағартушылығының бастауында тұрған данышпандардың бірі Франсуа-Мари Аруэ Вольтер «тарих философиясы» ұғымын өлемдік ой айналымына енгізген болатын. Осы терминнің мазмұндық өрісі өсіресе, Гердер, Гегель секілді неміс философтарының ыждаһатының арқасында кеңейіп-көмелденіп, бара-бара философия ілімінің дербес саласына айналды. Философия енді адамзаттың ой қазынасын зерттеуде тарихи фактілердің жиынтығына көміліп қалмай, тарихи факторлардың өзегіне шыңдап үңілетін болды.

Сөз жоқ, қазақ шежіресі ойға да, ойшылға да бай. Аристотельден кейін «Екінші ұстаз» атанған әл-Фараби, мәңгілік өмір іздеген Қорқыт, жеруық барлаған Асан қайғы, ақылмандығы айбарлы Бұқар жырау – тарихтың терең қойнауына кеткен замандардағы халықтың арман-аңсары мен мұрат-межесін алуан қырынан айшықтап бере алатын бейнелер. Олармен қоса, бергі уақыттағы Дулат, Шортанбай, Шокан, Ыбырай, Шәкәрім, Әлихан, Ахмет, т.б. тұлғалардың даналық ойларын қазақ қоғамы дамуының тарихи кезең заңдылықтарының аясында, генезисі, эволюциясы мен трансформациясы тұрғысынан ішкі терең сабақтастықта пайымдай алып жүрміз бе деген сауал ұдайы туып отырады.


Осы тұрғыдан алғанда, ҰҒА академиктері Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдин мен Раушан Жабайханқызы Әбділдинаның «Филиант» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Абай – дана ойшыл, гуманист» атты кітабының кіріспесінде қазақ ойшылдығының дамуына жасалған шолудан тұтас концептуалдық көзқарастың бітімін аңғардық.

Ұлы ақынның философиялық-этикалық ілімін жан-жақты пайымдауды көздеген ғалымдар ең алдымен бұл тақырыпты өлемдік ақыл-ойдың және нақты тарихтың негізінде (осы ретте түркі тарихын, Алтын Орда тарихын, Ресей тарихын арнайы бөліп көрсетеді) алып қарастыру керектігін айтады. Олар: «Қазақ ойының эволюциясы туралы сөз қозғағанда, біріншіден, неліктен белгілі бір уақытта белгілі бір проблемалар қоғамның назарын өзіне ұйытқандығы;

екіншіден, әлдебір қоғамдық-тарихи оқиғаларға байланысты қазақ ойшылдарының қандай тағдыршешті идеялар айтқандығы туралы сауалдарға жауап қайтару қажет», – дей отырып, әр кезеңге және әр тұлғаға қатысты түйінді пікірлерін тарқатып түсіндіреді. Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі диалектикалық заңына сүйеніп, қоғамдық ойдың ілгерілеуінде тоқтау болмайтындығын дәлелдейді. Оны XIX ғасырдағы отарлық саясатпен, көшпелі өмір салтының күйзеліске ұшырауымен, ұлттық қарсылық қозғалыстарымен, соларға сәйкес қоғамдық ортада туындаған ой-пікір сарындарымен іліктестіріп байыптайды.

Кітап авторларының пікірінше, жана идеялар қоғам дамуының барысында ымырасыз қайшылықтар мен күрделі шиеленістерді шешудің амалын табу қажеттігі пайда болған кезде бұр жаралды. Әлеуметтік, сондай-ақ ғылыми үдерістің тәжірибесі көрсетіп бергендей, таптарын қағдалардың, үйреншікті ережелердің, сіресе заңдардың аясында мимырт дамыған қоғам түйік шеңберді бұзып шығатын тосын идеяларға мойын бұра қоймайды. Әлбетте, шұғыл бетбұрыстар тұсында адамзаттың кешегісінен әп-сәтте қол үзіп, жана нәрсеге деп-демде илана қоюы оңайлықпен жүзеге аспақ емес. Міне, сондықтан «алды – жалын, арты – мұз» дейтін бейуақ, беймезгіл кезеңде ғұмыр кешіп, жаңа рухани формацияның негізін қалаған дана Абай – қазақтың арғы-бергі тарихындағы тездессіз тұлғалардың бірі әрі бірегейі. Ғұлама ақын қазақтың сана-сезімінің көзжиегі мен кеңістігін соны сапамен байытып, дәстүрлі дағдыны бұзу және тың тарапқа сүрлеу турту арқылы елін өркендету көшіне бастайтын жалғыз жолды көрсетіп берді. Ол – ағартушылық, яки білім мен ғылымның даңғылы.

Кітаптың бірінші тарауы Абай философиясындағы адам проблемасының сыр-сипатын ашады. Авторлар қазақ білімпазы ойшылдығының гуманистік



мазмұны жағынан Сократтың философиясымен түйісетін тұстарын өздерінің пайымына орай тілге тиек етеді. Расында, адам проблемасы – философияның өміршен өзегі, айнымас азығы. «Жан» мен «тан» атаулы тылсым бөлшектерден жаратылған шексіз күрделі феноменге ежелгі грек данышпанының айрықша ден қойып, егжей-тегжейлі зерттегені мәлім. Сөйтіп, адам жаратылысы, оның тіршілігінің мәні, дүниедегі орны, қасиеттері, мұраттары, т.б. туралы тұнғыық тұжырымдарын мирас еткен. Сократтың ілімін игерген Абай да адам баласының ішкі әлеміне, жан түкпіріне ой көзімен үңілді. Адам арқылы әлеуметтік құбылыстарға зер салды. Еңбек авторлары ақын шығармашылығындағы бұл тақырыптың көріністерін «адамның болмысы мен табиғаты», «адамға тиесілі жалпы қасиеттер», «адам тіршілігінің мәні», «адам өмірінің шынайы мағынасы», «өмірлік ұстаным, мінез-құлық қалыбы», «уақытша мақсат,

өткірші қызық алдамшылығы», «талант пен құр даңғойлық», «өлім және мәңгі өмір» сияқты мәселелер төңірегінде жеке-жеке топтап, жүйе-жүйесімен таразылайды.

Еңбектің екінші тарауында авторлар ұлы ойшылдың қазақтың дәстүрлі санасындағы «бірі – жамау, бірі – құрау» кем-кетіктерге сыни көзқарасын парықтап береді. Абай бұрынғының салт-санасын жай әншейін мінеп-мұқатуды мақсат тұтпаған. Ол ескі дәстүр-дағдының көбісі өзгерген өмірмен үйлесім-үндестік таппай, түбірімен төңкерілген заманның талқы-талаптарына төтеп бере алмағандығын дөп басқан. Сондықтан ол ескі құндылықтарды өз талғамы мен түсінігінің тез-таразысынан өткізіп, жана бағдар, соны үлгі, бөгде мұрат іздестіреді. Авторлар неміс философы Иммануил Канттың «Данышпан адам өз халқын да, күллі адамзатты да жаңа денгейге көтеріп, рухани мәдениеттің

дамуына тың серпін береді» деген сөзін мысалға келтіреді. Ондай тегеурінді тұлғалардың жасампаз дүниелерді мұраға қалдырумен қатар, өскелең өнегесін өміршен ететін ізбасарларының пайда болуына табиғи түрде ықпал жасайтынын айтады. Зерттеуде Абайдың дүниетанымына қатысты сөз болған мәселелер арқылы ететін ізбасарларының пайда болуына табиғи түрде ықпал жасайтынын айтады. Зерттеуде Абайдың дүниетанымына қатысты сөз болған мәселелер арқылы ететін ізбасарларының пайда болуына табиғи түрде ықпал жасайтынын айтады. Зерттеуде Абайдың дүниетанымына қатысты сөз болған мәселелер арқылы ететін ізбасарларының пайда болуына табиғи түрде ықпал жасайтынын айтады. Зерттеуде Абайдың дүниетанымына қатысты сөз болған мәселелер арқылы ететін ізбасарларының пайда болуына табиғи түрде ықпал жасайтынын айтады.

Тыңғылықты зерттеудің үшінші тарауында Абай дүниетанымындағы этикалық категориялар бір-бірімен тығыз тұтастықта қарастырылып, олардың

кемел тұлға, яғни «толық адамды» қалыптастырудағы маңызы сараланады. Авторлар данышпанның философиясына негізінен этикалық сипат тән екендігіне көңіл аудартады. Ақынның поэзиясындағы көркем ойлы шумақтар оның кара сөздеріндегі қисындармен сабақтастырылып талданады. Бұл ретте Абайдың төл топырақтан дарыған қағидаларды Батыс пен Шығыс ойшылдарының пікірлерімен, ислам құндылықтарымен ұштастырып, көдеге жарата білгендігі әңгіме етіледі. Еңбекте «білім», «енбек», «талап», «әділет», «ар-ұят», «өздан», «рақым», «қанағат» категориялары философия ғылымы тұрғысынан жеке-жеке зерделеніп, ақын дүниетанымының тұтас желісін түзген. Абайдың «Әзімнің әңгімесі» поэмасындағы Қызыр бейнесі зерттеушілер тарапынан мүлде басқа трактовка негізінде ашып көрсетілгендігін айтып өткен абзал.

Ғылыми жұмыстың төртінші тарауы Абайдың мұсылмандық сенім, махаббат пен әсемдік туралы түсініктерін талдауға арналған. Зерттеудің өне бойында авторлар әрідегі Бэкон, Дидро, Монтескье, Локк, Руссо, берідегі Кьеркегор, Кафка, Камю секілді баршаға мәшһүр философтардың еңбектеріне иек артумен қатар, әлем әдебиеті классиктерінің туындыларына да жүгініп отырған. Бұл кітаптан У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», В.Гетенің «Фауст», О.Бальзактың «Адамзат комедиясы», В.Гогоның «Теніз жанкештілері», Л.Толстойдың «Анна Каренина», Ф.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», А.Чеховтың «Көңілсіз оқиға», «Ваня ағай», «Сұлу бикештер», Н.Гогольдің «Өлі жандар», А.Пушкиннің «Дубровский», «Сараң сері», А.Куприннің «Көкшіл жұлдыз», Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» туындыларының Абай шығармашылығы мен ойшылдығының контекстінде көрінген кейіпкерлерін кездестіре аласыз. Антикалық мифтерден бастап, Батыс пен Шығыстың махаббат дастандары және қазақтың ғашықтық жырлары да назардан қағыс қалмаған.

Сайып келгенде, рухани жаңғыру үдерісі аясында Абайдың асыл ой мұрасын заманға сай зерделеудің маңызы зор десек, Ж.Әбділдин мен Р.Әбділдинаның философия ғылымы саласындағы жаңашылыққа толы бұл іргелі зерттеу еңбегі соған қосылған сүбелі үлес екендігі айкын.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
Амантай ШӘРІП

ЖАҒҒЫРЫҚ

«АУҒАН» СОҒЫСЫ АЯҚТАЛҒАН КҮН

Жыл сайын Ауған соғысы ардагерлерінің ұйымдары бастамасымен кеңестік 40-армияның Ауғанстанға кірген күні мен шыққан күні аталып өтеді. Алматы қалалық әкімдігі, Ауған соғысы ардагерлерінің Алматы қалалық үйлестіру кеңесі, Ауған соғысының ардагерлері, Алматы гарнизонының қолбасшылығы, Алматы қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Алматыдағы 28 панфиловшылар саябағындағы «Мәңгілік алау» басына жиналған қала тұрғындары Ауғанстандағы соғыста қаза тапқан интернационал-жауынгерлерге тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Митингтен кейін Армия үйінде патриоттық өңдер фестивалі ұйымдастырылды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Кенес әскерлерінің Ауғанстан жерінен толықтай шыққанына келесі жылы 30 жыл толады. 1989 жылдың 15 ақпанында КСРО халқы Әмудария өзеніндегі көпірдің үстінде Ауғанстаннан қайтқан 40-армияның жауынгерлерін салтанатпен қарсы алды. Кенес әскерлерінің жекелеген бөлімшелері 1988 жылдың 15 мамырынан бастап Ауғанстан аумағынан шыға бастаған. КСРО тоғыз айдың ішінде әскерлерін бұл елден шығаруға міндеттеме алды. Бұл өте күрделі операция еді. 4 ақпан күні Кенес Армиясының соңғы бөлімі Кабулдан шықты, ал 15 ақпанда 40-армияның қолбасшысы, генерал-лейтенант Б.Громов Термез қаласында «Кенес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты, артында бірде-бір жауынгер қалған жоқ» деп басшылыққа баяндады. Алайда өзеннің арғы жағында қалған шекарашылар тағы үш ай бойы Ауғанстанда жауынгерлік тапсырмаларды орындады. Мәскеу тарапынан Ауғанстаннан әскерлерді шығару туралы ешқандай ақпарат болған жоқ. Америкалық баспасөздің мәліметтері

бойынша осы операция кезінде Кенес Одағының 523 жауынгері мен офицері қаза тауып, қаншама адам тұтқында қалды. 40-армия шыққаннан соң да шабуылдаушы можахедтерге қарсы қиянақтас шайқастар болды. 1989 жылдың 23-26 ақпандағы «Тайфун» операциясы кенес әскерлерінің ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы ұрысы болды.

Ауғанстан соғысы – Кенес Одағы тұсындағы тарихтың ең қайғылы беттерінің бірі. Он жылға жуық бөтен елдің мүддесін қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды. Қаншама қазақ отбасына қасірет өскенді айдалалағы Ауғанстан соғысы біз үшін осылай аяқталған болатын. Сондықтан жыл сайын бұл күні табаны құрдыктың он жылға жуық созылған соғыста қаза болған қаруластарының көбіне барып тағзым етіп, еске алады, сүйегі шет елде қалғандарға бағыштап құран оқылады.

Республика бойынша Ауған соғысы

ардагерлерінің отыздан астам ұйымы бар. Тек Алматы қаласының өзінде ғана Ауғанстан соғысы ардагерлерінің 17 қауымдастығы бар екен. Осы шапырап жүрген бағыттары, мақсаттары бір ұйымдарды біріктіріп, бір тулы астына жинау үшін 2005 жылдың шілдесінде Ауғанстан соғысы ардагерлері өз құрылтайларын өткізген болатын. Бұл жиынға Қазақстанның 14 облысынан 19 ауғандық ұйым өкілі қатысты. Осы құрылтайда «Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының қауымдастығы» құрылып, барлық ауғандық ұйымдар қауымдастыққа бірігуі керек деп бірауыздан келісімге келген болатын. Қазіргі кезде республика бойынша 30-дан астам ұйым осы қауымдастыққа кіреді.

Ауғанстан соғысы (1979-1989 жылдар) Кенес үкіметінің Қарулы күштері үшін, соның ішінде қазақстандық жауынгерлер үшін КОКП ОК Саяси бюросының Ю.Андропов, Д.Устинов, А.Громыко, Л.Брежнев сияқты санаулы ғана мүшелерінің, аяқастынан құпия түрде қабылдаған шұғыл шешімінен басталды. Сол кезде Ауғанстанда билікке таласқан ресми үкімет пен оппозиция (можахедтер) арасында қарулы қақтығыстар басталған болатын. Күрестің басты мақсаты Ауғанстан жерінде толықтай саяси бақылау жүргізу болды. КСРО Саяси бюросы КСРО-ның ықпалын кеңейту мақсатында Ауғанстанға қол үшін беріп, сыртқы агрессиядан қорғау керек деген шешімге келеді. Сөйтіп Ауған елін басқарып отырған шах Хафизулла Аминді алып тастап, орнына Бабрак Кармальді отырғызу туралы идеясын күш көрсету арқылы жүзеге асырды. Осылайша, Кенес



Одағының әскерлері ұзақ жылдарға жалғасқан қарулы қақтығыстардың қатарына кіріп қалды. Соғыстың тағы бір себебі – Ауғанстандағы социализм концепциясын жақтаушыларды қолдау болды. Америкалық әскери-экономикалық күштер Ауғанстанды КСРО ықпалынан шығарып алуға күш салды. Можахедтерге АҚШ, НАТО-ға мүше Еуропа елдерінің кейбіреулері, Пәкістан, Қытай, Мысыр, Иран елдерінің әскери мамандары, арнайы қызметтері көп көмек көрсетті. Кабул үкіметіне қолдау көрсету КСРО бюджетіне оңай түскен жоқ. Деректерге қарағанда, жылына 800 миллион АҚШ доллары бөлініп отырған. 40-армияны Ауғанстанда ұстау үшін және тактикалық ұрыстарға Мәскеудегі басшылар жыл сайын 3 миллиард долларға шығындалған.

Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешім 1979 жылдың 12 желтоқсанында, КОКП ОК Саяси бюросының отырысында түбегейлі қабылданып, аса құпия қаулымен бекітілген екен. Бұдан бес ай бұрын 105-әуе десанты дивизиясының 111-парашютті десант полкі Баграм

қаласына барып жайғасқан болатын. Бұл Кенес Армиясының Ауғанстанға кірген алғашқы бөлімі еді. 12 желтоқсан күні Қазақстан мен Орта Азия республикаларында жасакталған «мұсылман батальоны», артынан екі күннен кейін Баграмға тағы бір батальон кірді. Осы үш батальонның көмегімен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) жекелеген кішігірім отрядтары «Шторм» операциясына кірісетін болып жоспарланды. Осылайша, 27 желтоқсан күні Аминнің сарайына шабуыл жасалды. Бірнеше қала можахедтерден тазартылды. Жаңа билік ауған жерінің барлығына үстемдігін жүргізе алған жоқ. Соғыстың ұзаққа созылуына бір жағынан осы себеп болды. Бұл соғыстың абырой әпермейтінін Кенес үкіметінің басшылары арада 3-4 жыл өткеннен кейін түсіне бастады. Бірақ «болары болып, бояуы сінгеннен кейін», кеш түсінді. 1983 жылдың 19 мамырында Пәкістандағы елші В.Смирнов КСРО-ның Ауғанстандағы әскерлер контингентін алып шығуға мүдделі екендігін ресми түрде жариялады.

Саяси бюро осылайша, балшыққа

кіріп алып, енді былғанбай шығудың жолдарын іздестіре бастады. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП XX-VII съезінде М.Горбачев әскерді кезенге бөліп, ауған жерінен шығару жоспарын жасау керектігін мәлімдеді. 13 қарашадағы Саяси бюросының отырысында Михаил Горбачев: «Біздің Ауғанстанда соғысып жатқанға алты жыл болды. Егер бұл іске басқаса келмесек, әлі 20-30 жыл соғысатын боламыз» деп мәселені көлденеңінен қойды. Оның сөзін Бас штабтың бастығы, маршал Ахромеев те қолдады: «Біз Кабулды, провинциалдық орталықтарды бақылауға алдық, бірақ басып алған жерлерімізге билік орната алмадық. Біз ауған халқы үшін күресте жеңіліс таптық» деп ағынан жарылды. Сөйтіп, осы отырыста Ауғанстандағы барлық әскерді екі жылдың ішінде алып шығу туралы келісілді.

Ауған соғысы аяқталған жылы «Правда» газетіне соғыстағы адам шығынының жалпы саны жарияланды. Онда қаза тапқандар 13 833 адам деп көрсетілген. Көрсетілген адам шығыны жыл сайын көбейе түсті. 1999 жылдың 1 қантарындағы дерек бойынша ішінде майдадан өлгендер, жаралан, аурудан, оқыс жағдайдан қайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткендер бар, барлық қаза тапқандардың саны Кенес Одағы Армиясынан – 14 427 адам, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен (КГБ) – 576 офицер, Ішкі істер министрлігінен – 28 адам. Барлығы – 15 051 адам. Жараланған, контузия алғандар – 54 мыңға жуық, ауырғандар – 416 мың адам. Кенес Одағының ауған соғысынан көрген зияны осындай қасіретті болды.

Кенес Одағы әскерін шығарғаннан кейін Ауғанстандағы Нәжибулла режимі тағы үш жылдай тұрды. 1991 жылы оның қолдаушысы КСРО ыдырап, жеке-жеке мемлекеттерге бөлініп кетті. Экономикасы тұралаған Ресей оған ешқандай көмек бере алмады. Сөйтіп, 1992 жылы сәуірде можахедтердің дала командирлері коалициясы Нәжибулла билігін төңкеріп тастады.

QURMET



Байтұрсынұлының туған жеріне, Ақкөлге бармағалы да жиырма жылдан асыпты. Есіңде ме Қуаныш, сонау тәуелсіздіктің таңында Мырзекен (Мырзатай Жолдасбеков) бастап, бұрынғы Торғай облысының әкімі Жақан Қосабаев ұйымдастырған Ахан – Жақанның (Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы) тұңғыш тойлары. Ел енесін көтерген ұлан асыр той болып еді, – деп Әбекен жолай біраз оқиғалар мен кездесулер, өнерпаздар мен акындарды еске алып, сөз жалғастырды. Сөйлегені бізге жақсы, өзінің жүрегіне ем. Әбекен жұбайы Клара Жұмабайқызына иегін көтеріп, «сен не дейсің?» дегендей ишара қылып еді, женешеміз: «Кенжекеңнің айтқаны жөн ғой, біздің қамыққан көңілімізді аулап отырғанына рақмет» деп түйінделді. ... Сонымен, сол сапар бір ғажайып естен кетпес ғибратты сапар болды. Астанадан Арқалыққа пойыздың арнаулы вагонымен жол тартып, ұзақ түнге әңгіме-дүкен құрдық. Кенжекең шебер, Әбекен досының көңіл-күйін

Кекілбаевпен, тағы басқа азаматтармен дидарласамыз деп келген жұрт еш бүкпесіз ашық жарқын кездесулердің көңілдерінен шыққанына риза болысты. Арзанқол, өтірік мақтау, мадақтаудан мүлде аулақ, кәдімгі өмірдің, тұрмыстың, мемлекеттің, жас ұрпақтың болашақтың әңгімелері, адамшылықтың, азаматтықтың, ұлт мәртебесін ұлықтауда мемлекет аясында жеткен жетістік, бүгінгі жағдай, ертенгі болашақ мәселелер қозғалды. Әдемі сыйластық ауаны өрлеп тұрды. «Көп ұзартпай жиіре келіп, осылайша, сырласып тұрсаңдаршы» десті әзіл-шынын араластырып. Кенжекең мен Әбекендей ұлт руханиятының келісті тұлғаларының бірге жүргендеріне ризашылықтарын білдірді. Ел арасы пейілге жомарт – Кенжекеңмен бірге барған барлығымызға да ықылас көрсетіп, сенім сөздерін де айтып жатты.

Кенжеғали Әбенұлындай ғалым ұлын сағынған қойнауы қазақ тарихына толы Торғай даласы мен оның білімпаз өнерлі халқы Әбіш Кекілбайұлын да құшағын мейлінше кең жайып, қарсы алып, дарын иесін төгілдіре сөйлесті. Әбекен қабағы жадырап, енесін басқан ұлының кайғысынан әжептәуір сергіп, тек бақытты шақтарында ғана емес, жүрегіне салмақ түсіп, әке үшін орны толмас ауыр қайғы, уайымда да халқының өзін қолтығынан сүйіп, қайраттандырғанын сезініп, жоғары бағалап, осы сапарға ертіп шыққан досы Кенжекең де шексіз алғысын жаудырып еді.

Арқалықтан басталып, Ақкөл, Жетікөл, Наурызғын, Қостанайға жалғасқан кездесулерге ел азаматтарымен дидарласып, пікірлескенімізге көңіліміз толып, марқайып қайтқанымыз.

Бұл, шын мәнінде адамшылық түсіністікке толы естен кетпес кездесулерді Кенжекең бастағанымен, оның соншалықты мазмұнды әрі жан-жағынан толымды етіп, көңілді төріне көтерілуіне сол жолы Кенжекеңнің асыл жары Нағытай Әбітайқызы әпкеміздің еңбегі орасан болды. Нағытай әпкеміздің білімділігін, ақыл-парасаттылығын, бауырмалдылығын, кең пейілділігін, тағы басқа толып жатқан жақсы қасиеттерін осы отбасымен сыйласқалы бері талай рет көріп, одан үлгі, өнеге алып, көңілімізге шуақ ұялап жүруші еді. Арқалыққа түскеннен байқағанымыз, бүкіл Арқалық, Қостанай өңірінде Нағытай Әбітайқызының орны бөлек екен. Ел азаматтары дәл бір туған анасын көргендей құрақ ұшып, шұқырасып жүр. Әпкеміз болса, келген қонақ емес, дәл бір қонақ кутушілердің төрайымындай. Ол кісі жүрген жері автокөліктің сонынан жүк тиелген шағын екі-үш «Газель» көліктері жүр. Баксак, мектептерге, ауыл-мәдениет үйлеріне, балабақшаларға алуан түрлі керек-жарақ сыйлықтар жеткізіліпті. Барған ауылдан ағайын, туыстарға көңіл бөліп, бала-шағасының амандығын сұрастырып, үлкен-кішісін аттарымен атап, базарлық, сыйлық таратуға да үлгеріп жүрді. Әдетте, кейбір аты мәлім, беймәлім адамдар белгілі бір мерей жастарында ауылдарына дүниені өзі ғана тіреп тұрғандай «аспаннан» қарап, «мәртебелі» қонақ болып келетіндері де елге белгілі. Мәселен сыйлықтан әлдеқайда жоғары – ел қамында. Ерлі-зайыпты Сағадиевтердің туған жер, туған ауыл, ел-жұртымен қарым-қатынасының ерекше мәдениеті. Сағадиевтер отбасы әуел бастан тіпті өздері сонау университет бітірер-бітірмес өрен шағынан ел азаматтарына, әсіресе, оқимын деген жастарға қол ұшын беріп, көмек көрсетуге бейім. Екеуі де – әуелден ұстаздар. Қазақстанның қай өңіріне барсаңыз да осы ұстаздардың бір шәкірті алдарынан шығатыны анық. Бүгінгі күнге дейін осы табиғи парасаттылық ұстанымдарынан айныған емес. Сондай тамаша отбасының асыл дінгеі, әрине Нағытай Әбітайқызы. Сағадиевтер әулеті еркенді ұл, өнегелі келін, саналы ұрпақ өсірген қасиетті отбасы деуімізге толық негізіміз бар.

Сағадиевтер шаңырағы мен дастарқаны – бүкіл қазақтың ортақ ырысындай. Үлкен-кіші, қазақтың игі жасқандары осы дастарқанда бас қосып, марқайып жүреді. Осы, тағы басқа отбасылық тұрмыс, жас кездегі қиындықтарды жеңу, есейгенде ерді тану, ұлттық салт-дәстүрлерімізді құрметтеу мәселелері Нағытай Әбітайқызының «Жер бетінде қалған із» деген атымен төгілтіп жазылған естелік кітабында шебер келтірілген.

Қазақта Кенжеғали Әбенұлы, Нағытай Әбітайқызындай үлгі боларлық зиялы аға-әпкелеріміз көп болса, ұлтымыздың сапасы да қуатты болары сөзсіз.

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
Мәжіліс депутаты

ЖОЛБАСТАР

Еліміздің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор Кенжеғали Сағадиев сексен деген құрметті жастың төріне көтерілді. Бір кезде біздің қоғамда «сексен жас» деген алыс көріліктің белгісіндей болушы еді. Қазір шүкіршілік, заман өзгерді, көп нәрсеге, әртүрлі құбылыстарға көзқарас та өзгерді, заманына сай адам да өзгерді. Әрине, өмір сапасы да өзгерді. Соншалықты алыс емес өткен күндерімізде орта жас – алпыстың арғы-бергі жағында болғаны да есімізде. Енді 70-72 жасты орта жас деп жүрміз. Бұл да мемлекеттік тәуелсіздігіміздің, сол тәуелсіз еліміздің әлеуетінің дүниежүзілік даму дүрмегіне ілесе алуымыздың арқасында деуімізге де негізіміз жеткілікті.

Президент Н.Назарбаев ұлы дала кеңістігіне қанат жайған жаңа ғаламның жас мемлекеті – тәуелсіз Қазақстанның терен шегірсі «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегінде еліміздің экономикалық жаңғыру үрдісіне, жаңа реформалардың адам санасына, психологиясына, дүниетанымына қалай әсер еткеніне де айрықша маңыз берген.

Елбасы бастаған осындай ұлы жорықтың ең алдыңғы шебінде өзінің білімгер, азаматтық жолынан жаңылмай келе жатқан ұлтымыздың, бүкіл қоғамымыздың бетке ұстар асыл тұлғаларымыздың бірі, ғалым, қайраткер – Кенжеғали Сағадиев. Кенжекеңнің ресми лауазымды қызметтерін, Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болғандығын, жаңа мемлекеттік дәуірде жаңа парламенттің депутаты, қаржы және экономикалық реформа комитетінің төрағасы қызметтерін зор абыроймен атқарғанын ағамыздың жетпіс жасында ризашылықпен айтқанбыз.

Елде әлі заңды-құқықтық кеңістік қалыптаса қоймаған, бұрынғы өнеркәсіп орындары дағдарысқа ұшырап, қаржы жоқ, экономикалық қаржы институттары жоқтың қасы, тағысын тағы дегендей өте қиын жағдайды бастан өткіздік. Сол кездерде БАҚ-тарда, Парламент мінберлерінде жұртшылық Кенжеғали Әбенұлының дәлелді баяндамаларын, нақты ұсыныс тұжырымдарын талай тыңдады. Ғалымның кейбір ұсыныстары Үкімет отырыстарында, ғылыми конференцияларда талқыланған, ресми бағдарламаларға енгізілді. Экономист-ғалым Кенжеғали Сағадиевтің тек нарықтық экономикаға арналған еңбектері бірнеше том таңдамалы шығармалар жинағына топтасып, оқушылар қолына тиді.

Ғалымның «Реформалар: сараптамалық көзқарас» деген атпен үш томға жинақталған ғылыми-сараптамалық мақалалары, талдаулары, сұхбаттары, сондай-ақ экономиканың көптеген бағытына арналған жеке еңбектері тек экономика саласының мамандары ғана емес, кез келген көзі қарақты оқушыға түсінікті тілмен жазылған өте құнды еңбек қазір көптеген жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылады. Оған шетел экономика мамандарының қызығушылығы да өсіп келеді. Соның бір айғағы ретінде Кенжеғали Әбенұлының «Реформалар: сараптамалық көзқарас» (Reforms in Kazakhstan: An Analytical View) ауқымды еңбегі екі рет Кембридж баспасында ағылшын тілінде шығып, зор сұранысқа ие болғанын айтсақ та жеткілікті. Біздің ғалымдардың зерттеулері шетелдерде, әсіресе, Англияда жылда шығып жатпаны белгілі. Кенжекең жолбастар болып тұр. Бұл – ұлттық экономика ғылымының, ұлттың үлкен жетістігі.

Әрине, ұлтымыздың Кенжеғали Әбенұлындай ерен тұлғасының өмірі мен ғылымдағы шығармашылық еңбегі, қоғам мен мемлекетке сіңіріп жүрген қызметі, азаматтық тұлғасы бірер үлкен мақаламен шектеліп қалмай, ғылыми монографияларға, жеке деректік кітаптарға арқау екені де хақ. Ондай еңбектер шүкіршілік жеткілікті. Болашақта да әлі талай дүние жазылатынына да сенімдімін.

Кенжекеңмен сыйластығымыз, аралас-құраластығымыз жилеген сайын, ол кісінің білгірлігіне, ішкі дүниесінің соншалықты сарқылмас қазына екендігіне, ерекше ұлтжанды парасаттылығына тәнті боласыз.

Қазақта «жөн білетін», «сөз бастайтын», «жол табатын» деген аса бір маңызды ұғымдар бар. Әдетте, ондай адамдарды ел ортасы өте жоғары құрметтейді. Сондай зиялы тұлғаның бірі – Кенжеғали Әбенұлы. Кенжекең әрқашан не айтса да өзінің көзі жетіп, көңілі орныққанын, білетінін, сенетінін айтады. Ана бір жылы заманымыздың заңғар жазушысы, марқұм Әбіш Кекілбайұлының отбасында қайғылы, ауыр жағдай болды. Үлкен ұлы Әулет апатқа ұшырап, 49 жасында өмірден озыды. Әрине, тағдырдың ауыр соққысы. Нар тұлғалы Әбекен күйзеліп, омырылып қалды. Жыл өтсе де кеменгер суреткердің еш нәрсеге зауқы болмай, томаға тұйықталып, елмен араласудан бойын тарта бастады. Көңілін аулап, сөлем бере келген жанашыр жақын адамдарымен де бұрынғыдай ашылып, сырласа алмай, шежіредей төгілмей, жай әңгіме ауанын аспан, қамыққанын еңсере алмай жүрді. Сондай сарғайған күндердің бірінде Кенжекең хабарласып, бір кеште көршілес Әбекеннің үйіне кірдік. Бір жақсы әңгімелесудің сәті келді. Көп жайдың басын қайырып, бір кезде Кенжекең:

– Әбеке, көп болды Әулет кеткеннен соң, ел арасына шықпадыңыз, – деді.
– Иә, солай болды.
– Жаздың соңы, күздің басы – бір береке жылынған шақ. Әулеттің мезгілсіз кеткеніне өзіңізбен бірге қалып ел қабырғасы қайысып, сізге әлі күнге көңіл айтумен келеді. Өзіңіз де бастығырылып отыра бермей, ел-жұртпен жүздесіп, кездесетін уақыт болды. Елдегі азаматтар шақырып жатыр, Аханның (Ахмет Байтұрсынұлы) қасиетті топырағына барып қайтайық. Елдің жағдайын көрейік, әңгімелерін тыңдайық, (сәл кілірді де) – бауырыңыздың жетпіс бес деген жасқа келгені де бар, не істеп, не қойғанымыздан да хабардар етейік, – деп қайырды. Әбекен әуелден өте мұқият зейін қоя тыңдап отыр еді, көңілі көтеріңкіленіп:
– Ә-Ә, Сіздің жетпіс бесіңіз бар еді ғой. Дұрыс екен. Оның үстіне, Ахмет

жазбай сезді, кілтін біледі, еркін әңгіме қақпағын дәл кезінде түймесін басып, ашады. Әбекен ырғалып отырып, бір кезде лайқалдап төгіле бастайды. Мұндайда Әбекенді тыңдай біл. Тарих пен мағлұматқа кенелесін. Құла тұз, шексіз далада пойыз доңғалағының дүрсілі де өктемдемей, сабырмен, Әбекеннің толғақты әңгімесіне қызығып, ұлы даланың жұмсақ топырағымен әдептен сырғып, Әбекеннің ұзақ әңгімесін бөлмей тыңдап келе жатқандай... Осылайша, сырласып, түннің қалай өткенін, жолдың қалай біткенін де аңғармай, ертенгілік Арқалық қаласының шағын вокзалына жетіп түстік.

Таң бозынан Кенжекеңді қарсы алуға келген жерлестері, облыс, қала әкімшілік басшылары қонақжай құшақтарын айқара ашып, құрақ ұшып жатыр. Кездесулер легін Кенжекең депутат кезінде бастамашы болып, негізден, заңдастырып, мемлекеттік бюджеттің жоспарына кіргізіп салдырған тамаша спорт кешенінен бастадық. Күн сенбі еді. Арқалық спорт кешенінің алдындағы алаң да, кешеннің іші де толаған халық, жастар жарқылдап спорт сайыстарын шулатып жатыр. Бейресми түрде жұртпен қауышу болды.

Енді бағы «кукурузник» аталатын қос қанатты ұшаққа отырып, бірден Ақкөлге бет алдық. Шөкімдей де бұлтты жоқ ашық аспанның көгінде көзге көрінбейтін екіпінді желдің ырғағымен тербеліп, бір жарым сағат қалықтап жүріп, әйтеуір аман-есен аудан орталығының маңына келіп қондық.

Тамыз айының соңғы күндері шұғырған аптап ыстық қоныр салқын ауаға ауысқан. Аспан ашық. Күн қуаты мейір шуағын төгіп-ақ тұр. Апыр-тапыр жел жоқ, жанға жайлы салқын самал аялайды. Қонақтарды құшақ жая қарсы алған Амангелді, Жангелді аудандарының азаматтары ауа райының мамыражайлығын жақсы қонақ, ізгі тілек, пейілге теліп, арқа-жарқа амандасу, жөн сұрасу шұқырасып-ақ жатқанымыз.

Ақкөл ауылында да сөні мен салтанаты жарасқан Кенжеғали Әбенұлының ұсынысымен мемлекеттік бюджет жоспарына енгізіліп салынған тамаша мектеп ғимаратында ұстаздар ұжымымен, жазғы демалыстары аяқталып, мектепке келе бастаған жоғары сынып оқушыларымен тамаша, өнегелі кездесу болды. Әсіресе, ертен өмірге түлеп ұшуға қанаттарын қосып отырған жас өскін ұл, қыздардың өз туған өлкесіне деген сүйіспеншілігі, сол өңірдің ерте заманнан бергі бүгінге дейінгі көрнекті тұлғалары – мемлекет, қоғам, өнер, ғылым қайраткерлерінің есімдері мен ғибратты өмірлерін жіпке тізгендей мақтанышпен айтулары, тәуелсіз мемлекетіміздің қадір-қасиетін құрметтеп, жасалып жатқан жаңа өзгерістерді білулері, ашықтығы, сөйлеуге батылдықты, әрине бізді де қуантты.

Кенжеғали Әбенұлы өзінің туған өңірінде ұйымдастырылып, өткізілген шаралардың барлығына елмен кездесу, жүздесу, елдің сөзін тыңдау, сұрақтарына назар қою деп жүргізді. Бұл бір тамаша, көңілге қонымды, жүрекке жақын адами кездесулер болды. Ешкімді ешкім «жиналысқа кел» деп міндеттеген жоқ. Осы өңірдің түлегі, қазір бүкіл мемлекетімізге белгілі көрнекті ғалым, ел ағасы Кенжеғали Сағадиевпен, сондай-ақ бірге жүрген әйгілі суреткер Әбіш

ШАРА

АҚЫН ҚЫЗЫН АРДАҚТАДЫ

Биыл – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 90 жылдығы. Осыған байланысты университетте бірқатар мерейтойлық шаралар өтуде. Соның бірі – қазақтың айтулы суырыпсалма ақыны Надежда Лушниковамен кездесу. Әсерлі кешті оқу ордасының Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-ға дәйінгі дайындық факультеті ұйымдастырды.



Қырық жылдан астам уақыт ұстаздық етіп, қазақ балаларына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Қазақстанның еңбек сіңірген ішкі иегері Надежда Лушникова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің түлегі. Ол – бүгінге дейін өнер мен мәдениет саласында тер төгіп, қолынан қаламы мен домбырасы түспей келе жатқан ақын. Айналасындағы өнерлі жандарға жанашыр тәлімгер.

Алты Алашқа ақындығымен танылған айтқыскер ұстазды ҚазҰПУ-дың ректоры Тахир Балықбаев өзі қарсы алып, күмбірлеген күйдің ырғағымен той төріне шығарды. Университет басшысы ақынның жетістіктерін айтып, өнердегі жолын ұрпаққа үлгі етті. Ақын апаларының иығына шапан жауып, омырауына ҚазҰПУ медалін тақты. Құшағын алқызды гүл шоғына толтырып, құттықтады.

Бұдан кейін сөз кезегін ҚазҰПУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебенов алып, Жамбыл бабамыздың шығармашылығына тоқталды. Надежда Лушникованың айтыстарын үзінділер келтіре отырып, тұшымды ойын ортаға салды.

Кештің негізгі шымылдығы ашылған соң, домбыраның үнімен, қазақтың әсерлі қоныр күйімен Надежда Андрейқызы кешті өзінің амандасу жырымен жалғастырып, халқына сәлем жолдады.

«Жамбыл бабамыздың домбырасын көтеріп, жырын төгіп, жалғастырып айтып жүрген өнерлі жастар үшін мектеп ашып берсем деген арманым бар» деп тебіренді

ақын сөз арасында. Ол Нүриле ұстаздық етіп, қазақ балаларына қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Қазақстанның еңбек сіңірген ішкі иегері Надежда Лушникова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің түлегі. Ол – бүгінге дейін өнер мен мәдениет саласында тер төгіп, қолынан қаламы мен домбырасы түспей келе жатқан ақын. Айналасындағы өнерлі жандарға жанашыр тәлімгер.

Бұдан кейін ақынға еріп келген өнерпаздар төре шықты. Базарқұл Әжіқожаева, Алтын Әліпбайқызы, Гүлсім Кәренеева сынды ақынның соңынан ерген өнерпаздар бірінен кейін бірі домбыраны қолға алып, ән шырқалы. Алтын Әліпбайқызы халық әні «Алқонырды» қалықтата жөнелді. Ақынның шәкірті, термеші, жырыш, сазгер Жылбек Тоқтасынов амандасу жырын төгіп, Надежда Андрейқызының өлеңіне жазылған «Ұзынағаш» өлемен жұрт көңілін көтерді.

Кеш соңында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-ға дайындық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Ғалия Таубаева сырласу кештің құрметті қонағы Надежда Лушниковаға және өзге де әнші-термешілерге көрсеткен өнерлері үшін шын жүректен алғыс білдіріп, ағынан жарылды.

Рыскен ӘБІШЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

ЖҮЗДЕСУ

ШЫҒЫСТАНДА ТҮЛЕКТЕР КЕЗДЕСТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінде 1994-2017 жылдар аралығындағы бітірген түлектер кездесуі өтті.

Кездесуге жиналған түлектер бір-бірін көріп, тілдесіп қана қоймай, қайта оралмас студенттік жылдардың естеліктерін еске алып, ұстаздарымен қуана қауышып жатты. Бұл кездесуді PhD доктор, факультет деканы Виктория Палтөре жана оқу жылы басталғалы жоспарлап жүрген.

– Қазақстан Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы қоғамымыздағы ең қажет, ерекше міндеттерді шешуге бағытталған. Жолдаудағы жүрегімізге жақыны – Адам капиталды дамыту. «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуда тиіс» деген Елбасы сөзі бізге бағытталғандай. Яғни, түрлі шет тіл мамандарын дайындайтын біздің факультет осы міндеттерді шешуге белсене кірісіп отыр. Ректорымыз Ғ.Мұтанов бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін түрлі инновациялық жобаларды жүзеге асырумен келеді.

Біздің бұл кездесуді ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – түлектердің ұжымдық мәдениетін қалыптастыру, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру. Оқу

үдерісінің заманауи нарық тәртібіне сай бейімделуі шеңберінде жұмыс берушілермен өзара әріптестікті нығайту, – деп атап өтті факультет басшысы.

Бұдан кейін университет пен факультеттің соңғы жылдарда жеткен түрлі жетістіктері, олимпиада чемпионы, жүзеге асырылған үлкен ғылыми жобалар жайлы айтылып, университет сайтындағы «Түлектер қауымдас­тығы» парақшасы туралы арнайы слайд ұсынылды.

Бұл күні халықтың әдемі өңдері Шығыстану көгінде әуелен тұрды, күйіңіз қайталап, шығарыңың әуенге бөленген би ырғағы мың бұралды. Ары қарай дәстүр бойынша салтанатты кездесу факультетте жалғасын тапты. Түлектер өз кафедраларын аралап, оқытушылармен және студенттермен кездесіп, сұхбаттасты. Шеберлік сынақтарына қатысып, қолтаңба альбомына тілектерін жазып қалдырды. Факультет өмірін бейнелейтін портреттер, өнер туындылары арнайы галерея ретінде жасакталып, елге ұсынылды.

Гүлжамал ҚОРТАБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті Түркіой кафедрасының доценті

ПЕҢЧАҢ ПАРАҚТАРЫ



Қазақстандық спортшылар үшін Оңтүстік Кореяның Пеңчанында өтпін жатқан қысқы Олимпиада ойындарының тоғызшы күні тамамдалды. Юлия Галышеваның медалінен кейін әлі жағымды жаңалық жоқ. Күн сайын спортшыларымыздың сәтсіз жарыстарына куә болып отырмыз. Дәл қазір Қазақстан жалпы медаль саны бойынша 20-орында тұр. Бұл көрсеткіш те күн өткен сайын төменге құлдырап барады. Бізбен бірге осы орында Испания бөлісті. Үздіктер туралы айта кетсек, Германияда 8 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль бар. Норвегия құрамасының енішінде – 6 алтын, 7 күміс және 4 қола. Нидерландыда – 12 (5-5-2), АҚШ – 8 (5-1-2) және Канадада – 11 (3-4-4).



Қазақстандық фристайлшылар акробатикадан финалға шыға алмады. 15 ақпан күні өткен алғашқы іріктеудің нәтижесінде ақтық сынға алты спортшы өтті. Бұл дисциплинада еліміздің атынан Жанбота Алдабергенова, Ақмаржан Қалмұрзаева, Маржан Ақжігіт және Аяна Жолдас қатысқан еді.

Фристайлшыларымыздың ішінен ең үздік нәтиже көрсеткен – Алдабергенова (7-орын). Одан кейін Ақжігіт 12, Қалмұрзаева 16 және Жолдас 18-орында иеленді. Соңғы екі спортшы бағдарламасын орындау барысында сүрінді.

Биатлоннан ерлер арасында 20 шақырымға жеке жарыс өтті. Ең жақсы нәтижесі – 61. Бірақ бұл – көңіл көншітерлік жаңалық емес.

Үздік нәтиже иесі – Максим Браун. Оның ізін жалғай Василий Подкорытов, 72-орында Тимур Хамитгалин, 83-орында Владислав Витенко тұр. Бір айта кетерлігі, Витенко барлық спортшыларды түйіндеп тұр. Өйткені жалпы қатысқандар саны да 83 болатын. Ол 7 рет мұлт кетсе, Браун, Подкорытов және Хамитгалин екі реттен кателесті.

Жоғарыда атап өткен биатлоннан әйелдер құрамасы да 15 шақырымға жеке жарысқа шықты. Бірақ үздік 40 спортшының қатарынан табыла алмады.

Қазақстанның атынан Галина Вишневская, Дарья Климина, Ольга Полторанина және Алина Райкова қатысқан еді. Вишневская – 45-орында. Дистанцияда ол үш рет мұлт кетіп, 46 минут 23,4 секундта мәреге жетті. Полторанина болса, 2 рет кателесіп, 46 минут 36,5 секундта аяқтады. Оның нәтижесі – 46. Райкова 46 минут 37,4 секундта мәре сызығын атап, 47-орында табан тіреді. Климинаның нәтижесі – 51-орын (46 минут, 44,4 секунд).

Валерий ПОЛЬХОВСКИЙ, биатлоннан Қазақстан құрамасының жаттықтырушысы: **АТУҒА КЕЛГЕНДЕ МҮЛТ КЕТТІК** – Қыздардың жолы болмаған тұс – ату. Осы жерде мұлт кете бердік. Негізі, бұдан сапалы болады деп үміттенген едік. Оның манзы да жоғары. Вишневская туралы айтарлықтай пікір білдіру қиын. Жарыстан кейін қыздарды әлі көрмедім. Бәлкім, толқып кеткен шығар. Соның салдарынан жөнді ата алмаған болар.

Дарья КЛИМИНА, биатлоншы: **ОСЫ ОРЫНҒА ЛАЙЫҚ ЕКЕНМІН** – Көрсеткен нәтижеме көңілім толмады. Шаңғы жақсы жүрді, бұдан да жақсырақ шығуға болар еді. Атканым, оның сапасы да нашар болды. Екі айып ештеңе емес, бірақ соған кеткен есіл уақытты ойласам, көңіл-күйім түседі. Өте өкінішті. Құдай бізге сұрағанымызды емес, лайық болған дүниені ғана береді. Демек, осы орынға лайық болғаным. Алда қай бағытта жұмыс істеп, қай жерге күш салу керетін түсіндім десе болады.

Владимир СМЕРНОВ, Олимпиада чемпионы: **ПОЛТОРАНИНГЕ СЕНІМ АРТАМЫЗ** – Команданың жақсы, жарыс жолында өздерін жақсы ұстайды. Сол себепті әлбетте, жоғары нәтижелерге дәмеліміз. Ең бірінші кезекте, Алексей Полторанинге бәріміз үміт артып отырмыз. Меніңше, классикалық стильде оның мүмкіндігі көп сияқты. Сондықтан барша олимпиадашыларға сәттілік тілеймін.

«Айқын» газетінің ұжымы редакцияның жанаңшыры, танымал әнші Канат Құдайбергеновке анасы **Үміт ШОҒАНБАЙҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БӘРЕКЕЛДІ!

АКАДЕМИЯЛЫҚ АТАҚ АЛДЫ

Еліміздің Үкіметі қаулысымен Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ драма театрына академиялық атақ берілді.

Тұрсын ҚАЛИМОВА

Атырау облысы



Бұл өнер ұжымы 1938 жылы Үкімет қаулысымен мемлекеттік театр болып құрылды. Негізін Гурьев қаласындағы көркемөнерпаздар үйірмесінен шығып, алты айлық студияны бітірген талантты жастар мен Петропавлда үш жыл жұмыс жасап, Гурьевке көшірілген сахна артистері құраған бұл өнер ұжымы республиканың батыс өлкесінде ашылған екінші қазақ театры болды. Батыс аймақта бірінші болып 1934 жылы ашылған Орал театры 1948 жылы сол кездегі саясат салқынынан жабылып, Гурьевке көшірілген. Осылайша, бүгінгі Махамбет атындағы Атырау облыстық қазақ драма театры 1938 жылы 9 мамырда М.Әуезовтің «Түнгі сарынымен» театрдың шымылдығын ашты. Мұнайшылар Мәдениет үйінде үлкен шабытпен ойналып, халық қуанышпен тамашалаған бұл спектакль туралы баспасөз де бөркін аспанға ата жазды. Атырау облыстық қазақ драма театрының аға буынын тәрбиелеуде режиссер, драматург, актер, қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі,

Махамбет атындағы қазақ драма театры ие болып отырғаны театр сүйер халыққа қуаныш сыйлап отыр. Атыраулықтардың қуанышымен ортақтасқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сыншы Әлия Бөпежанова: «Академиялық театр атағы тарихи терең, дәстүрді сақтаған, халықтың руханиятына қызмет еткен театрларға беріледі. Махамбет атындағы облыстық қазақ драма театры – осы талаптарға жауап беретін үлкен өнер ордасы. Бұл театрда Ж.Шаниннің тәрбиесін көрген аға, орта буын қалыптасты. Қазіргі күні сол буын жалғастығы үзілмей руханиятқа ерекше еңбек сіңіріп отыр» деп баға берді.

ЗАМАНДАС

СӘБІЗДІҢ ПАЙДАСЫ БАР БІЛГЕНГЕ

Фархат Әбдікелмелов – 29 жаста. Ол «Казфосфат» ЖШС-де еңбек қорғау бөлімінің басшысы болып қызмет атқарады. Тараздық жігіттің бойы – 2 метр 2 сантиметр.

Ерман ӘБДІЕВ

Жамбыл облысы

Ерекше ұзын азаматты көргендер бойшан жігітке қадала қарап, танданысын жасыра алмайды екен. Тіпті орынды-орынсыз тәптіштеп, сұрақтың астына алатындар да бар көрінеді. Кейбірі естелікке суретке түсу үшін де мазалайды екен. Бір қызығы, ұзын жігіттің болмысына қызыға да қызғана қарайтын-дардың арасында нәзік жандылар ерекше көп. Қылықтыларды ұзын жігіттің бойы қатты еліктіретін шығар.

– Елден еренмін дей алмаймын. Мені өзгелерден ерекше көрсететін бойым ғана. Мектеп жасында құрдастарымның арасында да ерекше ұзыны мен болатынмын. Жұрттың жеген жемісі мен ас-ауқатын тұтындым. Тек бір ғана өзгешелігім – кішкентай кезімде сәбізді сүйсініп жейтінмін. Ата-анамның бойларын айта кетсем: анам – 1,59, әкем – 1,78 см. Ол кісілер мен сияқты аса ұзын емес. Басқа туған-туыстарымның арасында да мен сияқты ұзынын естіген де, кездестірген де емеспін. Өз бойымның ұзындығын табиғи болмысым деп ұғамын, – дейді Фархат. Фархат бала күнінен бойына қатысты түрлі лақап аттарды естіп өскен. Сондықтан болар, жасөспірім шағында көпшілік арасында әлдебір ыңғайсыздықты сезініп, сырт көзден қысылып өскенін жасырмады. Бүгінде керісінше бойының

ұзындығын қалыпта жағдай деп түсінеді. Дегенмен тұлғасының елден ерек ұзын емес, бәрімен бірдей болғанын қалайды екен. Спортты жан-тәнімен сүйіп, салауатты өмір салтын қолдап өскен Фархаттың спортқа деген қызығушылығы 8 жасында боксқа алып келеді. Араға екі жыл салып, бокстан қол футболына ауысады. Одан кейін 1 жыл дзюдоға қатысады. Әлі күнге қол үзбей қатысып келе жатқан спорты – баскетболға 16 жасында келді. Күні бүгінге дейін баскетболды жанына жақын тартып, қатысып жүр. – Бойымның ұзындығы, әсіресе үй шаруасында өте қолайлы. Дегенмен қиындық туыратын сәттер де кездеседі. Сондай ыңғайсыздықты қоғамдық көлікке мінгенде сезінемін – тік тұра алмай қаламын. Бейтаныс адамдар ыңғайсыз тұрғанымызды көріп, өз орындарын ұсынатын кездер де кездеседі, –



дейді ол. Сұңғақ жігіт үшін киім кию мәселесі де біршама өбегірлік туырады екен. Себебі, қазіргі өлшем бірдей киімдердің етек-жеңі Фархат үшін тым қысқалық етеді. Сол үшін аяғынан таусылып, сауда-саттық орындарын ұзақ аралайтынын айтады. Аяқкімінің өлшемі – 46. Айтпақшы, Фархаттың жары Светланаң да бойы екі метрге жетексін. Қазақтың «Шаңырағын биік болсын!» сөзінің тура мағынасы осы отбасыға айтылған-ау.

ЕСКЕ АЛУ

АЯУЛЫ ЖАН ЕДІ...

Өмір деген – сырғып ағып жатқан уақыт. Кейде сол өмірдің қадірін бағамдай бермейміз. Жақын жаңадардан айырылғанда ғана бұл дүниенің жағандығы есімізге түседі. Өкініш пен қайғыдан өзегіміз өртенеді.

ағайын-туыс, достары арасында құрметке бөленді. Ұл-қызының әрбір жеңісі мен қызығына кенеліп, құдай қосқан жары Бақытжанмен бірге немерелерінің шаттық шуағына шомылды. Өмірдің небір қиындығы мен ауырталығын белі қайыспай көтере білді. Үміт еткен ұлы өмірден ерте кеткенде де мойымады. Құдайдан үмітін үзбеді. Екі ұлы ер жетті, қызы бой жетті. Немерелерінің апыла-тапыл басқанын, аңкылдап қолтығына тығылып, асыр салғанын көрді. Алайда тосыннан жабысқан жаман дәрт аурухана төсегіне таңып, соңғы жылдары сағын сындырды. Жаны қанша қиналса да отбасына деген шексіз махаббатын, сөнбес сәуле мен ертенгі күнге үмітін



жалғалды. Ауру өбден мендеп, жағдайдың оналмасқа беттеген сәтінде де жолдасы Бақытжанның, ұл-қыздарының жағдайын ойлап, бөйек болды.

Тағдырдың жазғанына көнбеске не шара? Ешкім де ажалға араша тұра алмады. Нұрғұл өмірден өтті. Қайғыдан бәріміз есеңгіреп қалдық. Нұрғұлдың ішкі қуатына қайран қалушы едік. Сөйтсек, ол сабырмен жаратылған жан екен. Мейірімді ұстаз, адал жар, мейібан ана, аяулы дос бола білгендігі үшін де біз оны әркез қимастықпен еске аламыз. Өмірге деген құштарлығы ерекше еді. Артында қалғандар, біз, соны өзгелерге үлгі етеміз. Нұрғұлдың жарқын бейнесі жалдымызда жаңғырып тұратын болады.

Жаңыл БАЯНБАЙҚЫЗЫ, Тұрсынбек МҰҚАНБЕТ және достары Алматы облысы Карасай ауданы Абай ауылы

AIQYN logo and contact information for HUR-Media. Меншік иесі – «Айқын газеті» ЖШС

ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттық және ақпарат комитетінде тіркеуге алынған, есепке қою туралы №16119-Г куәлігі 29.08.2016 жылы берілген

Директор – Бас редактор – Нұртөре ЖҮСІП. Серікбол ХАСАН – Бас редактордың бірінші орынбасары. Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ – шығарушы редактор. Асқар БЕК – жауапты хатшы. Гүлжан СӘДЕНҚЫЗЫ – жауапты хатшының орынбасары. Берік БЕЙСЕНҒҰЛЫ – веб-сайт редакторы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ: 050000. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, – 79, 2 қабат. Байланыс телефоны: Алматы (727) 315-24-56. Астана (7172) 94-57-84. e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ: Қамила ДҮЙСЕН – саясат, экономика Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ – ақпарат, спорт Гүлзина БЕКТАС – руханият, әлеумет Жолдасбек ДУАНАБАЙ – меншікті тілшілер бөлімі, тел.: 8 (727) 315-59-60 Мәділхан ДҮЙСЕБЕКОВ – техникалық редактор. ШТЕЛЕДЕРІ ТІЛШІЛЕР: Раушангүл ЗАҚАНҚЫЗЫ – 81036304178420, (Мажарстан) Дәурен ОМАР – 8108613764808083, (Қытай). АСТАНА БЮРОСЫ: Амангелді ҚҰРМЕТҒҰЛЫ – 87789746272 (Астанадағы тілшілер қосынның менеджерісі) Айхан ШӘРІП – 8 (7172) 935784 Нұрсұлу АЙБЕКҚЫЗЫ – 87058324073 Серік ЖОЛДАСБАЙ – 87029151514. ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 315-03-03. E-mail: zuhra-31@mail.ru. Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді. ТАРАЛЫМЫ: 40 000. АПТАЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ: 160 000. Тапсырыс №2624. Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қададақов көшесі, 17-үй. Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС. С/меті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77. Шымкент қ. «ERNUR-press» ЖШС. Әлмұхамедов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114. «АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102. Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102. Жеке жазылушылар үшін – 65102.

Кезекші редактор – Абай АЙМАҒАМБЕТ